



БАЙЫПТЫЛЫҚПЕН ІСКЕ АСАТЫН БАСТАМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобының бірінші отырысына қатысып, сөз сөйледі. Әуелі Президент Парламенттік реформа – еліміздің, халқымыздың тағдырына тікелей қатысы бар мәселе екеніне назар аударды.



— Бүгін біз Парламенттік реформа бойынша Жұмыс тобының алғашқы отырысына жиналдык. Өздеріңіз білесіздер, өткен аптада арнайы Жұмыс тобын құру туралы Өкімге қол қойдым. Парламенттік реформа — еліміздің алдында тұрған аса маңызды, жауапты жұмыс. Жолдауымда бұл мәселе азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет деп нақты айттым. Бүгін, міне, бірінші отырысымызда Парламенттің, Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің және саяси партиялардың өкілдері, заңгерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері бар. Бәрі де елге танымал азаматтар, түрлі саланың мамандары. Тағы да қайталап айтқым келеді: Парламенттік реформа — еліміздің, халқымыздың

тағдырына тікелей қатысы бар мәселе. Жұмыс тобының әр мүшесі осы тарихи міндетті дұрыс түсініп, белсенді жұмыс істейді деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірпалаталы Парламентке көшу халықаралық үрдіске толық сай келетінін жеткізді. Елімізде түрлі бағытта ауқымды өзгерістер жасалуда, бір ел болып саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалар жүзеге асырылып жатыр.

— Осы өзгерістер жалғасын табуы керек. Бір орында тұрып қалуға болмайды. Мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту стратегиясын «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай жүргізе беру маңызды. Бұл — елімізде Президенттік билік жүйесінің тиімділігі

сақталады деген сөз. Жалпы, бірпалаталы Парламентке көшу халықаралық үрдіске толық сай келеді. Әлем елдерінің үштен екісінде осындай парламенттік жүйе қалыптасқан. Дәл қазір бізге керегі — ортақ ұстаным және парасатты, салмақты ұсыныс. Сондықтан барлық ой-пікірді, ұсынысты мұқият зерттейміз, егжей-тегжейлі қараймыз, — деді Қазақстан басшысы.

Президент бірпалаталы Парламент құру туралы бастама инновациялық саяси шешім болғанын айтты. Қазір ел ішінде, әлеуметтік желіде түрлі ой-пікірлер айтылуда.

— Басым көпшілігі мұны «әбден пісіп-жетілген мәселе» деп санайды. Тіпті, «Халықтың көбі қолдаған бастаманы талқылап, референдум өткізудің қажеті жоқ» деген ойлар да айтылып жатыр. «Реформаны созудың қажеті жоқ, таяу арада қысқа мерзім ішінде жасай салуға болады» деген пікірлер де бар. Шын мәнінде, қай жағынан алып қарасақ та, мәселе өте өзекті. Азаматтарымыздың әртүрлі пікір айтып, белсенді болғаны — жақсы үдеріс. Дегенмен парламенттік реформа — аса күрделі жұмыс. Асығыстыққа жол беруге болмайды. Себебі бұл — еліміздің тағдырын шешетін жағдай. Бұл — мемлекеттің болашағына тікелей ықпал ететін қадам. Мұндай маңызды шешім кең ауқымды талқылау арқылы қабылдануға тиіс. Қазақстан — халық үніне құлақ асатын Әділетті мемлекет. Бұл — мызғымас ұстаным, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІКТІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің президенті Витольд Баньканы қабылдады.



Алдымен Президент Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік спорттағы допинг проблемасымен күресетін жаһандық институт ретінде негізгі рөл атқаратынына назар аударды. Сондай-ақ Витольд Баньканың Астанаға сапары Қазақстан мен WADA арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуде маңызды қадам саналатынын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жүйелі түрде тәртіп бұзушылармен күресу және таза спорттың бірыңғай стандарттарын қолдау мәселесіндегі агенттіктің берік ұстанымына жоғары баға берді. Бұл спортшыларға ғана емес, әлемдегі миллиондаған жанкүйер үшін де өте өзекті.

Бүгінде Қазақстанның Туризм және спорт министрлігі жанынан допингке қарсы сынамалар зертханасы жұмыс істейді. Бұл — Орталық Азиядағы осы тектес жалғыз мекеме. Зертхана база-

сында Өңірлік допингке қарсы ұйым қызмет етеді. Оның құрамына Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Пәкістан, Моңғолия және Ауғанстан секілді елдер кіреді.

WADA президенті Қазақстанның агенттік бастамаларын қолдағаны үшін ризашылығын білдіріп, еліміздің спорт құрылымдарымен ықпалдастық деңгейі жоғары екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Витольд Баньқа ұзақмерзімді ынтымақтастықты жалғастыру, Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің жауапты әрі сенімді серіктесі ретіндегі Қазақстанның мәртебесін одан әрі нығайту ниетін растады.

Бұған қоса, Мемлекет басшысы аталған агенттік президенті Витольд Баньканы Қазақстан спортың дамытуға қосқан үлесі үшін II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

АҒА БУЫН & Z ҰРПАҚ



Алдан СМАЙЫЛ,
жазушы, Мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты:

ӨЗІН-ӨЗІ НАСИХАТТАЙТЫНДАР КӨБЕЙДІ

Қазақ руханиятына іс жүзінде адал қызмет етіп келе жатқан зиялы қауым өкілдері саусақпен санарлық. Солардың бірі – жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайыл. Қоғам қайраткері ешқашан кітабының тұсаукесерін өткізбепті. Себебі құр мақтауды жаны сүймейді. «Халыққа сөзбен емес, ісіммен пайдамды тигізсем» дейді. Біз «Аға буын & Z ұрпақ» жобасына, қаламгерді шақырып, ұлт руханияты, журналистика келешегі жайлы сөйлестік.

(Жалғасы 5-бетте)

ӨЗЕКТІ

САНДЫҚ ЖҮЙЕГЕ СЕРПІН ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында жасанды интеллектіні ел өмірінің барлық саласына ендіру және цифрлық экономиканы жаппай дамыту мемлекеттік саясаттың басты басымдығы болып белгіленді. Президент қойған міндет-мақсаттарға ел мен Үкімет дайын ба? Бүгінге дейін жауапты тұлғалар тарапынан не жасалды, қандай олқылықтар бар? Бұл жұмысты ұйымдастыру енді салмақты көңіл бөлуді, мұқият мән беруді талап етеді.



Президент өз Жолдауында мәліметтерді тиісті деңгейде есепке алып, талдау жасау жолға қойылмағанын қатаң сынға алды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, бұл жағдай еңбек нарығының сұранысын болжау, инфрақұрылымды дамыту жұмысын жоспарлау және басқа да міндеттерді орындау жолында қиындық туғызады. Қазіргі заманда үлкен деректер (Big Data) үлкен стратегиялық ресурсқа айналды. Мамандар оны «екінші мұнай» атайды.

Алайда талдау көрсеткендей, қазіргі кезде мемлекеттік органдар халыққа, бизнеске, мемлекетке қатысты деректердің 50%-дан сәл астамын ғана цифрландырған. 2025 жылғы

казандағы жағдай бойынша Деректердің концептуалды моделінде 7 606 дереккор белгіленді. Соның 52%-ы немесе 4 008-і ғана 17 домде цифрлық түрде ұсынылған.

Қалған мәлімет архивтерде сағайып, тозып, көктеп, жемірілген қағаз күйінде жатыр. Сонымен қатар цифрландыру деңгейінің біркелкі емес, бытыраңқы екені де анықталды: мысалы, қаржы, әділет органдары салаларында бұл процесс 90 пайыз және одан жоғары деңгейге жетсе, ауыл шаруашылығы, сауда, энергетика, экология және білім беру салаларында 30-40 пайыздан аспайтыны әшкере-ленді.

(Жалғасы 4-бетте)

ШАРУАЛАР ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Ақмолада 49 бірдей «ақылды» ферма жұмыс істейді. Оның 28-і егіншілікпен айналысса, 21-і мал шаруашылығы бағытын қолға алған. Сонымен қатар өңірдің 3 миллион гектардан астам егістік алқаптары толықтай цифрландырылды.



→ 7

АЛДАП-АРБАУ МА, ЖАНҒА ҚОЛДАУ МА?

Қазір мұндай мамандардан кеңес алу да қалтаға әжептәуір ауырлық салады, алайда қиындықтың шырмауына түскен жан нумерологты құтқарушысындай көріп, қайдан болса да, қаржы табуға даяр. Қызмет құнын білу үшін әлеуметтік желідегі белсенді нумерологтарға байланысқа шықтық.



→ 8

16 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

БАЙЫПТЫЛЫҚПЕН ІСКЕ АСАТЫН БАСТАМА

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар Мемлекет басшысы негізгі заңның 40-қа жуық бабы өзгеретініне зер салды.

— Мемлекет басшысы ретінде мен үшін Парламент — еліміздегі саяси жүйенің негізгі тірегі. Сондықтан алдымен Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізу қажет болады. Негізгі Заңның 40-қа жуық бабы өзгереді. Содан соң кем дегенде 10 конституциялық заңға және 50-ден астам кодекс пен заңға түзету енгізу керек болады. Мұны жаңа Конституция қабылдаумен тең келетін іс деуге болады. Әрине, бұл жұмыстың бәрін табан астында, бір сәтте жүзеге асыру мүмкін емес. Тынғылықты дайындық керек. Сондықтан алдағы реформаның кейбір концептуалды тұстарына қатысты ой-пікірімді білдіргім келеді, — деген Президент бірнеше жайтты алға тартты.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, Парламенттік реформа кезек-кезеңімен іске асырылып келе жатқан ауқымды саяси жаңғырудың қисынына сай келеді. Біріншіден, Қазақстан барлық реформаны тек эволюциялық жолмен жүргізеді. Яғни, азаматтардың сұранысы, төл ерекшелігі мен еліміздің түпкі мүддесі ескеріледі.

— Естеріңізде болса, саяси реформалардың төрт пакеті аясында парламенттік оппозиция туралы норма бекітілген еді. Онда өкілдері аз партияға Мәжілістің тұрақты комитеттерінің бірінде төрағалық лауазым атқару және парламенттік тыңдау өткізу туралы бастама көтеру құқығына кепілдік берілді. Бұдан бөлек, партиялар Парламентке өтуі үшін сайлаудың төменгі шегі азайтылды. Содан соң 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформаның арасында біз Мәжілістің құзыретін елеулі түрде кеңейттік. Нақты айтқанда, бүгінде Мәжіліс заң қабылдайды, ал Сенат мақұлдайды. Бұл алғашқы қадамдар еді. Енді соңғы жылдары қоғамдағы саяси мәдениеттің едәуір өскенін ескере отырып, біз бірте-бірте және байыпты жолмен бірпалаталы



Парламентке өтуді бастаймыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент екіншіден, парламенттік реформа «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сай келетінін еске салды.

— Жаңа да атап өттім, бұл — мемлекетіміздің құрылымын айқындайтын басты тұжырым. Түптеп келгенде, парламенттік реформа және осыған дейін жүзеге асырылған реформалар біздің аймақта бұрын-соңды болмаған, шын мәнінде, жаңа басқару жүйесінің негізін қалайды. Сондай-ақ тағы бір маңызды мәселеге назар аударғым келеді: Парламентті реформалау бұл — Сенатты тарату деген сөз емес. Мұндай қате пікірге жол беруге болмайды. Біздің алдымызда тұрған мақсат — айқын. Біз өкілді билік тармағын түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Осылайша, азаматтарымыздың мүдделері мен тілек-ниетін білдіретін заң шығарушы орган мүлде жаңа сипатқа ие болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта е-Parlament сұранысқа ие құралға айналуы мүмкін екенін айтты.

— Үшіншіден, алдағы реформа экономика, әлеуметтік және технологиялық даму секілді басқа да салалардағы жан-жақты жаңғырулармен үйлесім табады. Мысалы, цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу күллі әлемдегі мемлекеттік басқару жүйесін өзгертетіні сөзсіз. Бірқатар елде қазірдің өзінде «электрондық» немесе цифрлық парламент» элементтері сынақтан өткізіле бастады. Бұл азаматтарды саяси өмірге араластырудың жаңа формаларын қамтамасыз етіп, заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалады. Келешекте бұл үрдіс күшейе түспек. Сондықтан біз де осы бағытқа саналы түрде күш саламыз. Алдағы уақытта е-Parlament қазіргі электрондық үкімет — е-Gov сияқты сұранысқа ие құралға айналуы мүмкін. Сол себепті бірпалаталы Парламентке өту бір есептен жұмыстың жаңа қалыбы мен қарқынына, тез шешім қабылдауға

бейімделуді көздейді. Яғни, заман өзгеріп жатыр, ол өз талабын орындатады, е-Parlament жүйесі қыр астында тұр. Жакында өмірімізге дендеп енуі мүмкін. Сондықтан заң қабылдауда мүлде қате жіберуге болмайды, — деді Президент.

Бұдан соң Мемлекет басшысы бірпалаталы Парламентте партиялардың көп болуы саяси диалогты кәсіби негізде өрбітуге ынталандыратынына назар аудартты.

— Заң шығару жұмысын жақсартудың жаңа тетіктерін енгізу аталған үдеріспен қатар жүруі қажет. Мұны халықаралық тәжірибе де көрсетіп отыр. Бұл ретте болашақ депутаттар корпусының білімі мен білігі маңызды факторға айналады. Олардың қатарында нағыз кәсіби мамандар болуы керек. Парламент кәсіби болуға тиіс. Бұл — өте маңызды міндет. Парламентті пропорциялық жүйемен, яғни партиялық тізіммен жасақтау туралы ұсыныс дәл осы міндеттен туындап отыр. Бірпалаталы Парламентте партиялардың көп болуы

саяси диалогты кәсіби негізде өрбітуге ынталандырады. Жаңа жағдай партия жұмысына тың талаптар қояды. Демек, популизм цифрландыру кезеңінде маңызды рөл ойнамайды, керісінше, кәсібиліктің бәсі жоғарылай түседі, — деді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Әділетті мемлекет ретінде әр азаматтың ортақ іске пайдалы болатын ұсынысын ескеруі керек.

— Парламент — Тәуелсіздігімізді және мемлекеттігімізді айшықтайтын маңызды құрылым. Бұл ешқашан өзгермейтін ақиқат, алдағы уақытта да солай болып қала береді. Жалпы, реформаның негізгі мақсаты, соған сәйкес істелуге тиіс жұмыстың бағыт-бағдары туралы Жолдауда кеңінен айтылды. Референдумға дейін атқарылатын жұмыстың бәрін мұқият ойластырып, байыппен жүргізу қажет. Білікті мамандар өз ойларын ашық айтып, тиімді ұсыныстар беруі керек деп санаймын. Түпкілікті шешім, яғни қоғам пікірі дұрыс болуы үшін осы мәселеге қатысты айтылатын әрбір ой-пікір де өбден тексерілген, ексшелген, жан-жақты сарапталған болуы керек. Бұл — өте маңызды мәселе. Сондықтан Жұмыс тобы өз міндетін нағыз кәсіби ұстанымға сай атқаруға тиіс.

Атап айтқанда, е-Otinish және е-Gov порталдары арқылы келіп түскен барлық ой-пікірді сараптап, зерделеу қажет. Біз Әділетті мемлекет ретінде әр азаматтың ортақ іске пайдалы болатын ұсынысын ескеруіміз керек. Ата Заңға енгізілетін әрбір өзгеріс мұқият пысықталып, дайындалуға тиіс. Әр баптың, әр норманың мән-мағынасына терең бойлаған жөн, яғни құқықтық, процедуралық мәселелерді нақты айқындап алуымыз қажет, — деді Президент.

Жыны соңында Мемлекет басшысы басқа да көптеген мәселе пайда болу мүмкіндігін ескертті. Алдымызда тұрған шаруа өте ауқымды екенін, жұмыс тобына үлкен сенім артылып отырғанын айтты.

МӘЖІЛІС

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ҚАРАЛДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заң жобасы мен оған ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдап, екі халықаралық құжатты ратификациялады.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» жаңа заң жобасы мен оған ілеспе түзетулер Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленді. Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің айтуынша, заң жобасының негізгі мақсаты — қылмысқа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға баса назар аудара отырып, профилактика жүйесін жетілдіру.

— Профилактика барлық деңгейде қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл тәсілдер заң жобасында көзделген. Ортақ жауапкершілік енгізіледі, яғни әкімдер — өңірдегі құқықтық тәртіптің жай-күйіне, мемлекеттік органдар — құзыреті бойынша профилактикаға, мәслихаттар мемлекеттік органдардың есептерін тыңдауға жауапты болады. Профилактика жөніндегі ведомстволарлық комиссияның мәртебесі жоғарылайды. Енді комиссияның құрамы мен құзыретін Президент бекітеді. Баға Ұлттық баяндамада беріледі, — деді Ержан Сәденов.

Сонымен қатар құқықбұзушылықтың алдын алумен айналысатын органдардың саны 13-тен 26-ға көбейтіледі. Құқықбұзушылықтың алдын алуға білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қамқоршылық органдары, бизнес өкілдері, адам құқықтары жөніндегі уәкіл және басқалары тартылатын болады. Бұл ретте олардың әрқайсысына жеке жауапкершілік жүктеледі.

Жаңа заңда үш деңгейлі қамтитын құқық-бұзушылықтың алдын алу жүйесі қайта қарастырылады. Олар: жалпы, жеке және арнайы шаралар. Жалпы профилактика аясында барлық құқық қорғау органына қоғамдық көмекшілерді тарту құқығы беріліп, олардың функциялары кеңейтіледі.

Құқықбұзушылықты ерте анықтау және алдын алу үшін оқымышқа жеке шаралар енгізіледі. Олар: ресми ескертулер, цифрлық отбасы картасы арқылы жеке тұлғаларды тіркеу, көмелетке толмағандарға тәрбиелік қолдау көрсету және ықтимал құрбандармен байланысқа тыйым салу. Сонымен қатар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған барлық тұлғаға әкімшілік қадағалау енгізілетін болады.

Заң жобасында құқықбұзушылықтың жекелеген түрлерінің алдын алуға бағытталған арнайы профилактикалық іс-шаралар қарастырылған.



Олар балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуына қарсы күрес, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, қоғамдық орындарда мас күйінде жасалған, қайталанатын және экономикалық құқықбұзушылықтарды қамтиды.

Арнайы шаралар балалардың қараусыздығымен және панасыз қалуымен күресу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, мас күйінде және қоғамдық құқықбұзушылықтың, қайталанатын қылмыстардың, экономикалық қылмыстардың алдын алу сияқты салаларды қамтитын болады. Бұл ретте қоғамға жат мінез-құлық немесе құқықбұзушылық жиі тіркелетін орындарды бақылау енгізіліп, азаматтарға тұлғааралық жанжалдарды шешу және өзін-өзі қорғау тәсілдері үйретіледі.

— «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» жаңа заң қолданыстағы салалық заңдардың ережелерін біріктіреді. Сондай-ақ халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, құқықбұзушылықтың алдын алудың заманауи ұлттық жүйесінің негізін қалайды. Оны қабылдау құқықтық реттеудің біркелкілігін қамтамасыз етеді, мемлекет пен қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайтады және қауіпсіз, заңға негізделген және тұрақты мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады, — деді Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамов.

Талқылau барысында депутат Дмитрий Колода қамаудан босатылған тұлғаларды әкімшілік қадағалау мәселесін көтерді. Ол қолданыстағы заңнамада шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар үшін әкімшілік қадағалаудың ең ұзақ мерзімі екі жылға дейін белгіленгенін атап өтті. Алайда заңның жаңа редакциясы бойынша,

қадағалау мерзімін әр алты ай сайын ұзартуға болады. Мәжіліс депутаты бұл шешімдер негізінен субъективті болғандықтан, мұндай тұлғалардың түзеу дәрежесін бағалау кезінде нақты мерзімдердің жоғына және ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне алаңдаушылық білдірді.

Бұл ретте Ержан Сәденов заң жобасында әкімшілік қадағалау мерзімдері нақты белгіленгенін айтты. Олар: онша ауыр емес және ауырлығы орташа құқықбұзушылықтар үшін — үш жыл, ауыр қылмыстар үшін — алты жыл, аса ауыр құқықбұзушылықтар үшін — сегіз жыл. Министр барлық шешім соттың және қадағалау органдарының қарауына жататындықтан, ешқандай тәуекелдер жоқ екенін атап өтті.

Өз кезегінде депутат Юлия Кучинская жастар арасындағы девиантты мінез-құлықты тәрбиелеу және алдын алуға маңыздылығына қарамастан, заң жобасында мұғалімдер мен тәрбиешілер рөлінің жеткілікті түрде қамтылмағанына назар аударды. Осыған байланысты тиісті мемлекеттік орган оны қайта қарауға дайын екенін білдірді.

Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады. Құжаттарды талқылау жұмыс тобының отырыстарында екінші оқылымға дайындық барысында жалғасалы.

Сонымен қатар Мәжіліс 1992 жылғы Шөкеара аралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенцияға Су және денсаулық проблемалары туралы хаттаманы ратификациялады. Оны депутаттарға Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Тимур Сұлтанғазиев таныстырды.

Құжатқа 1999 жылғы 17 маусымда Лондонда қол қойылған. Бұл — сумен қамтамасыз ету, санитария, гигиена және денсаулық сақтау мәселелеріне бағытталған әлемдегі алғашқы әрі жалғыз шарт. Оның мақсаты — су ресурстарын тұрақты басқару, сумен байланысты аурулардың таралуын болдырмау және халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қорғау.

Жұмыс тобының жетекшісі Данияр Қасқарауов хаттамаға қосылу су ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалануға, халықты қауіпсіз ауыз-сумен қамтамасыз етуге, ағынды суларды қайта қолдануға, суды пайдаланудың барлық кезеңінде санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау бойынша шешімдерді жедел қабылдауға көмектесетінін айтты.

Сондай-ақ 2024 жылғы 27 қарашада Астанада қол қойылған Қазақстан мен Ресей арасындағы Челябинск мемлекеттік университетінің Костанай филиалының қызметі туралы келісім ратификацияланды. Ол жөнінде Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушы Талғат Ешенқұлов баяндалды.

Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смолякова құжатты ратификациялау Костанай филиалының жұмысына құқықтық негіз беретінін және жоғары білім саласында елдер арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастықты дамытуға бағытталғанын атап өтті.

Филиалда оқыту Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті жоғары білімнің мемлекеттік стандарттарына және Ресейдің федералдық мемлекеттік талаптарына сәйкес қазақ, орыс және басқа тілдерде жүргізілетін болады. Қаржыландыру университеттің өз қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске түзетулер, «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» заң жобасы мен оған ілеспе түзетулер, көлік құралдары иелері мен тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру мәселелері бойынша және денсаулық сақтау мәселелері бойынша заң жобалары, Қазақстан мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Қазақстанда ЮНЕСКО аясындағы 2-санатты орталық ретінде Орталық Азия өңірлік гляциология орталығының мәртебесін қайта жалғастыру туралы келісімді ратификациялау туралы жобалар.

Жалпы отырыс соңында Мәжіліс депутаттары өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 14 депутаттық сауал жолдады.

БАҒДАР

16 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



«AMANAT» партиясы жанындағы Экологиялық кеңестің кезекті отырысында «Жасыл даму» АҚ қызметі және оның тиімділігі жан-жақты талқыланды. Мәжіліс депутаты Бауыржан Смағұловтың төрағалығымен өткен жиынға кеңес мүшелері, Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев, кеңес төрағасының орынбасары Елдос Абаканов, Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Әлиев, «Жасыл даму» АҚ Басқарма төрағасы Ержан Сәрсенбай және Астана, Алматы, Шымкент әкімдіктерінің өкілдері, партия жанындағы аймақтық Экологиялық кеңестердің төрағалары қатысты.

Партия жанындағы Экологиялық кеңестің төрағасы Бауыржан Смағұлов Қазақстан экологияға теріс әсерді азайту саясатын белсенді түрде жүзеге асырып отырған жауапты мемлекет ретінде 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді басты мақсаттарының бірі ретінде белгілеп отырғанын атап өтті. Осы ретте экологиялық жаңғырту, табиғи ресурстарды тиімді басқару және «жасыл» технологияларды енгізу мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығына айналып отыр.

— Осы маңызды бағыттарды іске асыруда Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен «Жасыл даму» АҚ ерек-

ше рөл атқарады. Алайда «Жасыл даму» операторының жұмысына жиі сын айтылады. Себебі ұйымның жұмысы ресми түрде ашық деп жарияланғанымен, іс жүзінде қоғам тарапынан бақылау шектеулі, — деп атап өтті Бауыржан Смағұлов.

Осы тұста Бауыржан Смағұлов ресми мәліметті мысалға келтіріп, елімізде жыл сайын шамамен 5 миллион тонна тұрмыстық қалдық түзілетінін және оның 26%-ы ғана қайта өңделетінін айтты. Сондай-ақ Мәжіліс депутаты экологиялық бастамаларға қатысты нақты стратегияның болмауы және қаражаттың мақсатсыз жұмсалуды сияқты түйткілді мәселелерді де ерекше атап өтті.

«ЖАСЫЛ ДАМУ» ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

— Экологиялық кодекс пен радиоактивті қалдықтар туралы заң жобасын талқылауға сарапшылар мен қоғам өкілдері белсене қатысуға тиіс. Бұл мәселеге қатысты шешімдерді бірлесе қабылдасамасқ және ол заңнамалық деңгейде реттелмесе, экологиялық мәселелер сол күйі шешімін таппай, қордалана береді, — деді депутат.

«Жасыл даму» АҚ Басқарма төрағасы Ержан Сәрсенбайдың мәлімдеуінше, «Жасыл даму» «Оператор РОП» орнына келген уақыттан бері ел қазынасына 1 трлн 473,2 млрд теңге көлемінде утилизациялық алым түскен. Оның ішінде отандық өндірушілерден — 723,1 млрд теңге, ал импорттаушылардан шамамен 531 млрд теңге жиналған. Бұған қоса, бұрынғы оператордан 219,2 млрд теңге мөлшеріндегі қаражат компания балансына берілген.

— 2022-2024 жылдар аралығындағы шығындар және 2025 жылға жоспарланған қаржы көлемі 1 трлн 529,7 млрд теңгені құрайды. Бұл қаражат Экологиялық кодексте белгіленген бағыттар бойынша игерілуде. Мемлекеттік бюджетке 155 млрд теңгеден астам қаражат түсті. Оның ішінде 128,9 млрд теңге — салық, ал 26,2 млрд теңге — мемлекетке төленген дивидендтер. Бұл көрсеткіштер «Оператор РОП» функцияларын мемлекеттік компанияға берудің нәтижесінде мүмкін болды.

Қазір құқықтық базасы жаңадан әзірленіп жатқан бірқатар экологиялық өзекті бағытты қаржыландыру үшін Үкі-

меттің жана қаулысы дайындалып жатыр. Аталған жобаларға 42,7 млрд теңге бөлінеді деп жоспарланып отыр, — деді Ержан Сәрсенбай.

Жиында талқылауға қатысқан Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев елімізде әзірленіп жатқан Қалдықтарды басқару тұжырымдамасына қатысты бірқатар маңызды мәселені көтерді. Оның айтуынша, 2025 жылдан бастап күшіне енеді деп жоспарланған жана құжатта экологиялық басқаруға жауапты ұйымдардың нақты міндеттері мен ролі анық көрсетілуге тиіс. Сондай-ақ Сергей Пономарев экологиялық жүйеге деген қоғамдық сенімді арттыру үшін ашық мәліметтер базасы мен цифрлық бақылау тетіктерін енгізу қажет екеніне тоқталды. Депутаттың айтуынша, бұл қадмдар жобалардың тиімді жүзеге асуын және қаражаттың дұрыс жұмсалуды қамтамасыз етеді.

— Қазір бұл тұжырымдама дайындалу үстінде. Ал онда «Жасыл даму» АҚ-ның үйлестіруші және атқарушы ролі қалай айқындалады? Бұл компанияға Ұлттық оператор мәртебесін беру көзделіп отыр ма? Сондай-ақ оның жұмысында ашықтық, цифрландыру және қоғамның белсенді қатысуы сияқты принциптер ескеріле ме? — деп сұрады депутат.

Депутаттың бұл сұрағына Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Әлиев жауап берді. Оның айтуынша елімізде әзірленіп жатқан Қалдықтарды басқару тұжырымдамасы мемлекеттік органдармен келісу сатысында.

Құжатты әзірлеуге бизнес қауымдастық пен халықаралық сарапшылар да қатысқан.

— Тұжырымдама аясында жүргізілген сараптамалар негізінде елдегі қалдықтар бойынша толыққанды, бірыңғай деректер базасының жоқ екені анықталды. Нақтырақ айтқанда, қалдықтардың нақты көлемі мен түрлері туралы бірізді мәлімет жоқ. Бұл — жүйелі жұмысты қиындатып отырған негізгі мәселе. Сондықтан тұжырымдамада қалдықтарды толық инвентаризациялау және заңдастыру міндеті көзделіп отыр. Осылайша, жана құжат қалдықтардың толық циклін бастапқы пайда болуынан бастап, оны жинау, тасымалдау, өңдеу және көмуге дейінгі барлық кезеңін қамтиды. Бүгінде біз қалдықтардың қозғалысын толық көре алмаймыз. Әр ведомствоның өз базасы бар, бірақ ортақ платформа жоқ. Осыған байланысты «Жасыл даму» компаниясына ұлттық оператор мәртебесін беру ұсынылып отыр. Бұл — тұжырымдаманың басты тетіктерінің бірі», — деп нақтылады Жомарт Әлиев.

Кеңес отырысының соңында экологиялық саясаттың тиімділігін жақсарту үшін мемлекеттік органдар, бизнес пен қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту, жасыл жобаларды қолдау, қалдықтарды тиімді басқару, экологиялық білімді арттыру және ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету маңызды екені айтылды.

Елнар ЕЛТАЙ

ТАЗА ТАБИҒАТ — ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау мақсатында экологиялық ағарту стандартын енгізуді ұсынып, кез келген мәселеде әрбір азамат тәртіп пен жауапкершілік мәдениетін әдетке айналдыру керектігін үнемі ескертіп келеді.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ



Сонымен қатар қоғамды ортақ іске жұмылдыру мақсатындағы жобаларды қолдауға ерекше мән береді. Бұл орайда, Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық жобасының мәні бөлек.

Ал Ақтөбе облысында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық жобасы аясында «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» секілді бағдарламалар қолға алынған. Табиғатқа қамқорлық бастамасымен жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар шеңберінде облыс аумағы мен қоршаған ортаны, тарихи-мәдени ескерткіштердің айналасы мен өзен-бұлақтардың арнасын, көшелер мен ауаларды қоқыстан тазарту міндеті жүктелген. Бұл бастамаға жергілікті тұрғындар, жастар мен еріктілер жұмыла, ортақ істе ерекше белсенділік танытады.

Қазан айының он бірі күні «Таза Қазақстан» акциясы аясында еліміздің түкпір-түкпірінде өткен жалпыұлттық сенбілікке Ақтөбе өңірі де белсене атсалысты. Облыс әкімдігінің ақпаратына сәйкес, экологиялық акция өңірдегі 200-ден аса елді мекенде ұйымдастырылды. Сенбілік барысында 200 түп үйеңкі мен ақ қайың көшеті отырғызылып, жалпы облыс бойынша 770 гектар аумақта барлығы 7 300 түп жасыл желек егілді.

Жалпыхалықтық сенбілікке облыс әкімі Асхат Шахаров Алтын Орда шағын ауданындағы «Денсаулық» саябағында ағаш отырғызу шарасына қатысты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бүгінде еліміздің барлық өңірінде экологиялық жағдайды жақсартуға және көгалдандыруға бағытталған ауқымды жұмыс жүргізілуде. Әрбір тұрғын өз елді мекенінің тазалығы мен көркеюіне жеке жауапкершілікпен қарауы аса маңызды. Тек бірлескен еңбектің арқасында біз нақты әрі тұрақты нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Мұндай сенбіліктер адамдарды біріктіріп, экологиялық мәдениетті қалыптастырады, табиғатқа ұқыпты көзқарас пен жауапкершілік сезімін тәрбиелейді, сондай-ақ қалалар мен ауылдардың көркеюіне үлес қосады», — деді ол.

Жалпыхалықтық сенбілікке ардагерлер кеңесінің мүшелері, «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері мен жастар ресурстық орталығының қызметкерлері де белсенді атсалысып, олар саябақ аумағын ретке келтіріп, ағаштар отырғызды. Сондай-ақ облыстағы Орман шаруашылығы аумақтарында «Мектеп орманшылығы» жобасы аясында 1350 ағаш отырғызылған. Акцияға қаладағы орта мектеп оқушылары да өз үлестерін қосты. Аймақ басшысы оқушыларымен бірге шараға белсене атсалысып, көшет екті.

Облыстық Экология департаменті қызметкерлері де сенбілік аясында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина академиясының, Ақтөбе жоғары политехникалық колледжінің студенттерімен бірлесіп, айналма жол бойындағы орманды алқапты қоқыстан тазартты.

— Мақсатымыз — тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалып-

тастамауларын сұраймыз. Айналамыздың тазалығы әркімнің өзінен басталады, — дейді Экология департаменті мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің бас маманы, мемлекеттік экологиялық инспектор Гүлжайнар Әбдірахманова.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асырыла бастағалы бері «AMANAT» партиясы еліміздің барлық өңірінде «Таза бейсенбі» акциясын қолға алған болатын. Партияның дәстүріне айналған жоба бейсенбі сайын республикамыздың әр аумағындағы белсенді жастар мен жергілікті тұрғындарды, еріктілерді табиғатты қорғауға біріктіретін игі іс болып отыр. «AMANAT» партиясының өкілдері Ақтөбе облысының аумағындағы республикалық ма-



тастыру. Сондай-ақ қоршаған ортаның тазалығы мен экологиялық мәселелеріне қоғам назарын аудару. Мұндай акцияларды жылына 4-5 рет өткізіп тұрамыз. Іс-шара өткізген сайын тұрғындардан қоқысты кез келген жерге

нызы бар жол бойын қоқыстан тазалап, 2,5 тонна қалдық шығарды.

— Біз «Таза бейсенбі» экологиялық акциясына белсенді қатысып келеміз. Осыған дейін Алға қаласындағы орталық саябақ пен Елек өзенінің бойын

ларға 5,4 миллионнан астам адам қатысып, аумақты тазалау жұмыстарына бір уақытта шыққан адам саны бойынша алғаш рет ел рекорды орнатылған. Жетістік еліміздің КИНЭС рекордтар кітабына енгізілді.

16 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

ӨЗЕКТІ

САНДЫҚ ЖҮЙЕГЕ СЕРПІН ҚАЖЕТ

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Сарапшылардың айтуынша, кей жағдайда бұл сыбайлас жемқорлыққа жол ашу, оның іздерін жасыру үшін жасалады. Жоғары аудиторлық палатаның «ревизорлары» мектептерге тексеруге барғанда, иісі танауды жаратын құжаттарды жөртөледен алып шығады екен. Білім ордаларының бірі 50 қорапқа толтырылған құжатты әкеліп, тексерушілердің алдына үйіп тастаған. Оның бәрін қопарып отыруға шыдамы жетпейді деп үміттенетін болса керек.

Қағаз құжаттардың толыққанды цифрландырылмауы бақылау-қадағалау органдарына қашықтан, ақпараттық жүйелер арқылы тұрақты тексеріс жүргізуіне мүмкіндік бермейді. Мұның сыртында қалыптасқан жағдай жасанды интеллект технологияларын енгізуді қатты қиындатады. Себебі Қазақстандағы көптеген салада ЖИ-дің үйренуіне, талдауына, пайдалануына қажетті құжаттар, үлкен мәліметтер мен өзекті ақпараттар жетіспейді.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева цифрландырылды дегеннің өзі кейде көзбояушылық болып шығатынын қаперге салды. Біріншіден, деректерде бірізділік жоқ. Мысалы, Президенттің және одан төмен тұрған биік лауазымды басшылардың берген тапсырмасы, қойған міндеттемелері бар да, олардың қалай орындалғанын талдау үшін керекті деректер, құжаттар тапшы.

— Әрбір ведомство өзгеден тәуелсіз, төл базасын құрып, қордалауға тырысады және оны ешкіммен бөліспейді. Одан өзге ведомство мәлімет алғызғысы келсе, қаптаған келісім мен рұқсат жинауға мәжбүрленеді. Мемлекеттік органдардың өз мағлұматтарын бір-бірінен қорғауға жұмсайтын ғаламат энергиясын сол деректерді хакерлерден қорғауға бағыттаса, оның сыртқа ағып кетуі сияқты сорақылық болмас еді. Ведомстволарымызда «дата-феодализм» ары қарай белең ала берсе, Президент тапсырған дерекқорларды тәртіпке келтіру міндеті жуық арада орындалмайды. Соның салдарынан азаматтар мен бизнеске бір ақпарат пен есепті оңдаған жүйеге оң рет теруге тура келеді, — деді депутат.

ДЕДЛАЛДАР ДӘУІРЛЕГЕН ЗАМАН

Маскарасы сол, Ата заң бойынша мемлекеттегі бар байлықтың иесі саналатын халық дерекқорларға қол жеткізе алмағандықтан, ал шенеуніктер оны жайдан-жай бергісі келмегендіктен, екі ортада «помогайки» аталатын дедлалдар бизнесінің тасы өрте домалады. Депутаттар дедлалдардың мәліметтерді ресми ұйымдар мен мекемелерге қарағанда жылдам алатынына таңданады.

НАРЫҚ

ҚАРЫЗСЫЗ ӨМІР ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТАН БАСТАЛАДЫ



Елшір ҚАБА (қолжазба)

Бүгінде екінің бірінде несиесі бар. Бірі тұрмысын түзеуге, бірі көлік алуға, енді бірі шағын бизнесін дамытуға кредит рәсімдейді. Әйтсе де, қуантып алған қарыз кейін қинайтын қамытқа айналып жататыны да жасырын емес. Ұлттық банк биыл қыркүйекте елдегі несие портфелі 45,7 трлн теңгеден асқанын жария етті, ал басым бөлігі — халыққа берілген несие. Осы күні қарызсыз өмір сүру көп адамның арманына айналғаны жасырын емес, бірақ ол үшін қаржылық сауатымыз жете ме?

АОлжас Жолдыбай

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында халықтың табысын арттыру мен қаржылық сауаттылығын күшейтуге ерекше тоқталғаны есте.

— Азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру мәселесі әлі өзекті. Осы ретте «AMANAT» партиясының бастамасымен іске асқан «Қарызсыз қоғам» жобасын жалғастыру қажет. Былтыр бұл жоба аясында 845 мың адам заңгерлік және қаржылық кеңес алып, сауатын жетілдірді. Түпкі мақсат — халықтың қарызын азайту ғана емес, табысының тұрақты



Алысқа бармай-ақ, мысалға, Парламент қабылдаған заңдар, Үкімет басшысы қол қойған қаулылар, министрліктер мен әкімдердің шешімдері бірінші болып, мемлекеттік ресми сайттарда емес, ақылы порталдарда, агрегаторлар, боттар мен сервистерде пайда болады. Олар мемлекеттік құжатты 700 теңге және одан қымбатқа сатады немесе ақылы жазылушыларына ғана ұсынады. Ресми органдардың интернет-ресурсынан тиісті құжатты таба алмаған қазақстандықтар солардың көмегіне жүгінеді, амалсыз тегін нәрсені сатып алады.

Екіншіден, Е.Смышляеваның мәліметі бойынша, Қазақстанда цифрландырылған деректердің сапасы төмен. Базаларда бірін-бірі қайталайтын немесе күші жойылған құжаттар мен ескірген мәліметтер көп, өйткені қорлар тұрақты жаңартылмайды. Денсаулық сақтау саласының ақпараттық жүйелерінде бір сырқаттың бірнеше электронды картасы қатар жүреді. Ауыл шаруашылығында баяғыда сойылып, жеп қойылған сиырдың виртуалды тарихы жалғасын табады, иесіне субсидия алады және сол сияқты оғаштықтар қаптады.

Үшіншіден, Парламенттің электронды құжаттарды қағаз құжатпен теңестіргеніне көп болды. Тәжірибеде билік органдары әлі күнге қағаз анықтама сұратады. Мұнда мемлекеттің өз кінәсі бар: Қазақстанда мыңдаған ауылда интернет жоқ, содан жергілікті әкімдіктер, аумақтық меморгандар қағаз құжатпен жұмыс істеуге мәжбүр.

Бұған қоса, Үкімет басшысына жүгінген Мәжіліс депутаттарының жазуынша, қағаз құжат пен оның электронды нұсқасының ұқсастығын, аутенттілігін бұзу тәжірибесі жиілеген. Бұл бір жағынан аза-

маттардың өмірін күрделендіріп, сергелденге салады. Екінші жағынан, мемлекеттік органдардың өзі құжаттың электронды нұсқасына сене бермейді. Мұндай жағдай Президент жүктегендей, барлық салаға ЖИ жаппай енгізілгенде үлкен проблемаға соқтырады: жасанды зерде жансақ, бұрмаланған электронды нұсқаға ғана жүгінеді, жөртөлеге түсіп, архивте шаң басып жатқан түпнұсқа құжатпен салыстырмайды.

Цифрландырудың басқа да түйткілері толып жатыр. Атап өтсек, Қазақстанда ақпараттық жүйе саны ай сайын өседі, олардың бюджеті де артып барады. Аудиторлар жүздеген миллиард теңгенің босқа жұмсалғанын әшкереледі. Сонымен, бір мезгілде деректерді жинауға арналған инфрақұрылым дамып жатқан жоқ. Датчиктердің саны жеткілікті емес, телеметрия жүйелері кенжелеп қалды.

«Бұл мемлекеттің экологияда, ауыл шаруашылығында, көлік пен логистикада, кеденде және басқа бағыттарда іс жүзінде «соқыр» болуына соқтырды. Сондай-ақ министрліктер, әкімдіктер ақпараттың үлкен ауқымын жинап, одан дария түзеді, оны жинауға, сақтауға және қорғауға бюджеттен мол қаржы шығындайды. Алайда сол үлкен деректердің шын мәнінде қалай пайдаланылатынын, іске жарайтын-жармайтынын ешкім білмейді», — дейді депутаттар.

ЕЛДЕ ЖИ ҚАЛАСЫ ПАЙДА БОЛАДЫ

Қордаланған мәселелер шешімін табуы үшін не істеу керек? Сарапшылардың тұжырымдауынша, біріншіден, мемлекеттік органдарды деректермен өзара алмасуға

міндеттейтін қолданыста бар нормаларды іске қосу, жетілдіру қажет. Екіншіден, халықпен диалогты қайта жандандыру үшін бұрын белсенді істеген, бүгінде қосымша шектеулер кесірінен деградацияға ұшыраған «Ашық НКА», «Ашық бюджет», «Ашық диалог», «e-Petition» (электронды петициялар) және басқа мемлекеттік, ресми порталдарды жандандыруға маңызды.

Үшіншіден, Әкімшілік-процестік кодекс талабына сәйкес, бір ақпарат пен анықтаманы әртүрлі мекеменің қайта-қайта сұрата беру тәжірибесіне тоқтау салған жөн. Төртіншіден, билік құрылымдарының деректерді пайдалану тиімділігін бағалау жүйесін енгізген абзал. Соның ішінде, деректерінің ашықтығы, экономикалық қайтарымы, азаматтар мен бизнес үшін әкімшілік жүктемені қысқартуы сияқты көрсеткіштер ескеріліп, ол әкімнің, министрінің, бірінші басшылардың рейтингіне әсер етуі, яғни биік лауазымды тұлғалар мен мекеменің жұмысын бағалаудың өлшемшарт-критерийіне айналуы керек.

Бесіншіден, деректер жинау инфрақұрылымымен, датчиктер желісімен, IoT, телеметриямен қамтамасыз ету маңызға ие. Алтыншыдан, жиналатын деректердің сапасын көтеру үшін ұйымдардағы дата-офицерлердің, стюардтардың, дата-бақылаушылардың жұмысы жандандырылуға тиіс.

“Қазақстанда ақпараттық жүйе саны ай сайын өседі, олардың бюджеті де артып барады. Аудиторлар жүздеген миллиард теңгенің босқа жұмсалғанын әшкереледі. Сонымен, бір мезгілде деректерді жинауға арналған инфрақұрылым дамып жатқан жоқ. Датчиктердің саны жеткілікті емес, телеметрия жүйелері кенжелеп қалды.

Өз кезегінде депутаттар «әрбір азаматтың цифрлық ізін жинау» үшін Азаматтың цифрлық әмиянын енгізу бастамасын көтеріп жатыр. Олардың пікірінше, бұл әрбір қазақстандық туралы дерек-досьені тек ақпараттық жүйелерде ғана емес, сондай-ақ жеке қоймасында да қордалауға мүмкіндік береді. Ал Үкімет басшысы дата-феодализммен күрес аясында бірқатар шара көзделгенін жеткізді.

«Бүгінде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің 224 интеграциясы жоспарланған. Соның ішінде, 106-сы аяқталды. Қалған 118-і жүзеге асыру сатысында тұр. Барлық интеграцияларды 2025 жылғы 1 желтоқсанға дейін аяқтау жоспарда бар», — деді Олжас Бектенов.

Ол қағаз көшірмелерді талап етуге тоқтау сала алмайтынын мойындады. Әрине, қолданыстағы заңнама бойынша өтініш берушінің ақпараттық жүйелерде бар құжаттарды талап етуге мемлекеттік

органдардың құқығы жоқ. Бірақ заң қабылдағанда депутаттардың өзі бұл талапты әлсірететін жеңілдік қарастырып қойыпты.

— Тыйымға қарамастан, заңнама кей жағдайда құжаттардың қағаз көшірмесін талап етуге рұқсат етеді. Оның қандай жағдайлар екені заңда көрсетілген. Сондай-ақ сот процестері аясында нотариалды рәсімделген құжат көшірмесін сұрата алады. Прокуратура, ҰҚК, Ұлттық банк, басқа бақылаушы-қадағалаушы органдардың сұрауы бойынша азамат құжаттардың қағаз көшірмесін ұсынуы керек. Меморганда немесе контрагентте интернет, электронды жүйеге қолжетімділік жоқ болса да соны талап ете алады, — деді Премьер-министр.

Айта кету керек, Жолдауда К.Тоқаев ел тарихында бұрын-соңды болмаған құжатты қабылдауды жеделдетуді жүктелді.

— Біз жаппай цифрландыру және ЖИ технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Ол үшін ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, цифрформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс, — деді Президент.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің дерегіне, Цифрлық кодекс дайын, депутаттардың қарауына берілді. «Цифрлық кодексті Парламент Мәжілісі қарал жатыр. Оны пысықтау Мәжіліс жанынан құрылған құзыреттер орталығының негізінде жүргізіледі. Кодекс жобасы қазақ, орыс және

ағылшын тілдерінде GitHub сайтында жарияланады. Құжат Мемлекет басшысы белгілеген мерзімде қабылданады», — деп қысқа қайырды министр.

Жалпы, биылғы Жолдауда сондай-ақ Президент Alatau City цифрландырылған қаланы құруды тапсырды. Оны басқаруда ЖИ қолданылмқ. Жана шаһарда теңгемен қатар, биткойн және басқа криптовалюта қатар жүретін көрінеді. Министр Ж.Мәдиевтің айтуынша, ЖИ технологияларын қолдана отырып, Smart City архитектурасы әзірленеді, сондай-ақ оның экожүйесінде криптовалюта пайдалану үшін қажетті актілер дайындалады. ЖИ арқылы реттеу орталығының қызметін жүргізу үшін суперкомпьютердің қуаты жұмсалды және ұлттық ЖИ платформасы қолжетімді болады. Мұның бәрі іске асып, Қазақстанның бет-бейнесін өзгерте ме, әлде бәрі әдеттегідей қағаз жүзінде ғана әдемі болып қала ма, уақыт көрсетеді.

ІІМ Киберкылмысқа қарсы департаменті былтыр 51 мың профилактикалық кездесу өткізіп, 770 мыңнан астам жадынама мен брошюра таратқан. Сонымен қатар 9 мыңнан астам ақпараттық материал БАҚ бетінде жарияланып, «Абайлаңыз, алаяқтар!» атты 1123 ролик пен 804 билборд ел бойынша орналастырылды. ІІМ Баспасөз қызметінің бас сарапшысы Мендолов Шамұратов та алаяқтардан сақ болудың әлі де маңызды екенін айтады.

— Егер киберкылмыстың құрбаны болып қалған жағдайда, азаматтар шұғыл түрде полицияға жүгініп, болған жағдай бойынша толық ақпарат беруі қажет. Оған қылмыскердің жәбірленушімен қандай абоненттік нөмір арқылы хабарласқаны, байланыс түрі, алдау тәсілі, ақша қандай тәсілмен аударылғаны, аударылған есеп шот туралы ақпарат, келтірілген залал мөлшері және сол сияқты ақпарат қоса беріледі. Ақпарат неғұрлым нақты және уақытылы полиция қызметкерлеріне жеткізілген жағдайда қылмыстың ашылуына тікелей әсерін тигізеді. Өз деректеріңізді ешкімге бермеңіз, — деді ІІМ өкілі.

ҚОҒАМ ҚАНДАЙ КӨМЕК АЛЫП ЖАТЫР?

Бүгінде азаматтардың қаржылық сауаты артып келе жатқаны рас. FinGramota.kz, Gogamfin.kz секілді порталдар мен «Атамекен» ҰҚП, «Даму» қоры арқылы кәсіп пен жинақ мәдениеті жайлы кеңес беріліп жүр.

2024 жылы банкроттық туралы заң бойынша 83 057 өтініш тіркелсе, 2025 жылдың алғашқы 5 айында 77 106 адам қаржылық сауықтыруға өтініш берген. Бұл — халықтың өз қаржысына жауапкершілікпен қарауға бет бұрғанының белгісі. Парламент Мәжілісінің депутаты Үнзिला Шапақтың пікірінше, қарызсыз өмірге ұмтылу — азаматтың еркіндігіне жол ашады.

— Қаржылық сауаттылық мектеп қырғасынан басталуы керек. Әр адам өз кірісі мен шығысын жоспарлап, тәуекелді бағалай білуге тиіс. Ал мемлекет тарапынан басты міндет — халық табысын арттыру, жалақыны әділ индексациялау, шағын бизнесіті қолдау және қолжетімді баспана саясатын жетілдіру, — деді депутат.

Қазақстанда қаржылық сауаттылық арттып келеді. Халық қаржыны жинауды

болуын қамтамасыз ету, — деген еді Мемлекет басшысы.

Экономист Мақсат Халықтың айтуынша, Қазақстанда 2000 жылдардан бастап банктер жаппай халыққа несие бере бастады. Бірақ қаржылық түсіндіру жұмыстары кенже қалды.

— Батыс елдері мен араб банкітері несие пайызын 3-6% шамасында ұстайды. Өйткені олардың инфляциясы төмен, ішкі нарығы өз өнімдерімен қамтылған. Ал бізде инфляция 10-25% аралығында қалылып тұр. Сол себепті банктер жоғары пайыз белгілеуге мәжбүр. Тек экономикалық тұрақтылық орнағанда ғана несие жеңілдейді, — дейді сарапшы.

АЛАЯҚТЫҢ АРБАУЫНА АЛДАНБАҢЫЗ

Жана технология дамыған сайын интернет-алаяқтық та көбейіп барады. ІІМ мәліметінше, 2023 жылы — 21 630, 2024 жылы 22 560 интернет-алаяқтық фактісі тіркелген. Биылғы тоғыз айда 11,6 мың жағдай анықталған. Қасқойлер әлеуметтік желі, телефон және жалған сайттар арқылы халықты алдап, банк деректерін қолға түсіреді. Осыған байланысты eGov.kz порталы арқылы несие рәсімдеуге уақытша шектеу қою қызметі енгізілді, азамат өз атына қарыз рәсімделмеу үшін онлайн тыйым сала алады.

АҒА БУЫН & Z ҰРПАҚ



(Басы 1-бетте)

Айсымбат ДОСАЙ: Балалық шағыңыз қиын-қыстау заманға тура келіпті. Өткенге көз салсаңыз, есіңізде ерекше сақталған оқиға бар ма?

— Біз жас болсақ та қиындықты да, қысымды да көрдік. Егер мен жазушы болсам, халық игілігіне жарасам, ол алыстағы ауылдың қасиеті, сондағы ақсақалдардың әңгімесі болатын. Қазір ауылда қариялар ондай терең әңгімені айта ма, айтпай ма білмеймін. Мен 3-сынып оқып жүрген кезде біздің ауылға Сәбит Мұқанов келді. Ол кезде ел жазушыларды қатты қадірлеп, әулие көретін. Сәбит Мұқановпен әйелі Мәриям ере келіп, әңгімелерін айтты. Мен алдыңғы қатарда отыратынмын. Қолымызға бір дәптер, бір қарындаш таратты. Ол кезде дәптер, қарындаш деген түсімізге кірмейтін. Содан Сәбит Мұқанов келіп, басымыздан сипағанда мен еңіреп жылаппын. Мүмкін жазушыны әулие көрген шығармын. Сол сәт есімде мәңгілікке қалып қойды. Үйге келгеннен кейін әжем дәптерім мен қарындашымды алып алды. «Маған неге бермейсіз?» десем, «Ауылдың жаман оқуына қол қылып қайтесін. Ертен мектеп-интернатқа, аудан орталығына барғанда аласың» деді. Одан кейін де берген жоқ. Студент болғаннан кейін үлкен әкем қайтыс болғанын естіп, ауылға келдім. Шешем қолыма сол дәптерді ұстатты. Ашсам, дәптердің ішіне түгелдей Құран көшіріліп жазылыпты. Ал дәптердің соңына «біз не көрмедік» деп бастап, ашаршылық болғанын, қуғын-сүргінге ұшырағанын, он бес баладан айырылғанын, әкем Зейноллаңын бала кезінде қорғанысы қалып, Өзбекстаннан бірақ шыққанын, оны білмегенін бөрің-бөрің жазыпты. Тіпті Арыстан деген баласының Шахтыда көмірді ат арбамен таситындардың бастығы болғанын, бірақ аш келген халыққа бір атты сойғызып беремін деп, басы дауға қалып сотталғанын айттыпты. Бірақ үлкен әкем сол баласының қайда қайтыс болғанын да, сүйегінің қайда жатқанын да білмей кетіпті. Содан әжеменен сұрасам, қазақтың басына түскен қиындықты жыр қылып айтып берді. Сөйтсем, әкем үлкен әкеме кейін қосылған екен. Ал үлкен әкемнің әйелі, бала-шағасы ұсталып кетіпті. Қайсысы қайда екенін білмеген. Бір күні Қарағандының көшесінде үлкен әкем мен әжем келе жатып, қаншама жыл көрмеген баласы Зейнолланы кездестіреді. Сонда үлкен әкем баласын көріп талып жығылыпты. Сөйтсе, Зейнолла қанғыған балалармен Өзбекстанға барыпты. Адамгершілігі бар өзбектің қолына түсіп, мектеп оқытыпты. Бітіргенде қалтасына ақшасын салып, Алматыға жіберіпті. Институтқа қабылданған соң сауатсыздықты жою бойынша «қайда барасың?» дегенде «Қарағандыға» деп сұранып келіпті. Тағдыр деген қандай? Пойыздан түсе салып, әкесін жолықтырады. Ал үлкен әкем «баламнан жалғыз қалған сенсін» деп Зейнолланы ауылға алып кетіпті. Ақселеу Сейдімбек екеуміз, міне, сол «Өркендеу» деген колхозда өскенбіз.

Абылайхан ДҮЙСЕНБЕК: Жазушы ретінде жазған алғашқы шығармаңыз қандай?

— Жазушы ретінде алғаш жазған әңгімем аштық туралы еді. 1974 жылы оны Алматыдағы Жазушылар баспасына апарып бердім. Себебі ҚазМУ-ды бітіргеннен кейін жолдамамен Ақмола облысына келіп, газетте жұмыс істедім. Аштық туралы әңгімені шығарған жоқ. Бірақ облыстық партия комитетінен адамдар келіп «Мұндай ақпаратты қайдан алдың? Неге жазып жүрсің?» деп сұрады. «Үлкен әкем мен әжеменен естігенмін» деп айттым. Сөйтсем, орталық комитеттің саяси бюросы арнайы қаулы шығарып, «аштықты жазу — Кеңес өкіметіне қарсы шығу» депті. Оны мен білмедім. Бірақ тиісті жерлерден келіп, бірнеше рет сұрады. Ол кезде «Жазушы» баспасы кітапты үш адамға жасырын рецензияға беретін. Одан кейін орталық комитеттің арнайы бөлімі қарайтын. Содан өтсе ғана кітап басылатын. Бірде қаламгер Дидрахмет Әшімханов «аштық туралы қолжазба оқыдым» деп айтты. «Оны жазған мен едім» дедім. Сонда Дидаға: «Орталық комитеттің қаулысы бар екенін айтып, кейін өкінім. Шығуы керек кітап болатын. Сен бұл тақырыпты тастамай, тағы да толықтыр» деп тапсырды. Кейін «Тамұқтан келген адам» романын қайта жазып шықтым. Алғаш оқыған кісі Ақселеу Сейдімбек, Әнес Сарай, Әбіш Кекілбаев еді. Солардың ұсынысымен Мемлекеттік сыйлыққа қатысып, романын үшін лауреат атандым. Осының бөрі — ауыл ақсақалдарының әңгімесінің арқасында дүниеге келген шығармалар.

ЖАЗУШЫНЫҢ МІНДЕТІ ШЫҒАРМАМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

Алина ЖАҚАСОВА: Сіз сонау егемендіктің елен-алаң шағынан тәуелсіздіктің баянды ету жолында көптеген мазмұнды мақала жаз-

дыңыз, Целиноградта қазақ мектебінің, қазақ театрының ашылуына түрткі болдыңыз. Сол жайлы айтып беріңізші...

— Иә, оқу бітіргеннен кейін Целиноградта радиода жұмыс істедім. Кейін «Коммунизм нұры» газетінің бөлім меңгерушісі болдым. Қазіргі журналистер редакцияда отырып-ақ мақала жазып жүр. Ал біз ел аралап, іссапарда жүріп жазатынбыз. Алыс ауылдарды аралап, шопандардың өмірін, егін орағын, шөп шабу кезенін, көктемгі егін себу мен мал қыстату бөрі-бөрің көзімізбен көрдік. Ешкім астына көлік бермейді. Қыстың қақаған аязы болса да, пойыз, автобуспен жететін жерімізге жетіп, жетпесек жаяу жүреміз. Аудан орталығына жете салып, идеология бөліміне «осындай совхозға жеткізіші» деп жалынатынбыз. Ол кезде қай есікті қақсаң да, қай қызметке барсаң да орыстар отыратын. Сұхбат жазып алғаннан кейінгі уайым «кімнің үйіне консам екен?» еді. Қазіргідей жағдай жоқ. Целиноград түн итеру кезінде бес облыстың орталығы болған жер. Астық шаруашылығы зерттеу ғылыми институты да осы жерде болды. Бір күні Олжас Сүлейменовтың інісі академик Мехлис Сүлейменов сонда жұмыс істейді дегенді естіп, іздеп бардым. Өзі одаққа аты шыққан ғалым еді. Бидайдың бірнеше сортын ойлап тапқан. Ол заманда ғылым-зерттеу институты өзі бір патшалық еді. Оның тек өзіне бағынған 1-2 совхозы, тәжірибе шаруашылықтары болатын. Одан бойынша ең таңдаулы ғалымдар сол жерге жиналатын. Материалдық-техникалық базасы да өте жоғары еді. Қазақстанда осы күнге дейін ондай институт жоқ. Айтсам сенесіңдер ме, Целиноград қаласында ауылшаруашылығы техникасын шығаратын одаққа белгілі зауыт болды. Сол кезде тұқымсепкіш, шөп шабатын техниканың неше түрін шығаратын зауыттар бар еді. Осының бөрі ғылыми институтқа бағынышты болды. Ауылшаруашылық институтының республиканы ғылыми-

Алдан СМАЙЫЛ, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

ӨЗІН-ӨЗІ НАСИХАТТАЙТЫНДАР КӨБЕЙДІ

сөзімді қатырып тұрып жазып, алдын ала облыстық партия комитетіне мақұлдап алдым. Бірақ мінберде басқаша сөйледім. «Егер партия қазақ халқының кеткен үлесін қайтарып бермесе, біз өзіміз партия, не қоғам құруға мәжбүр боламыз. Қазақ мектептерін, балабақшаларын қайта қалпына келтірейік. Целиноградтағы төрт жоғары оқу орнындағы факультеттерде қазақша бөлім ашайық. Шетте жүрген қазақтарды еліне қайтарайық» дедім. Осы сөзімнен кейін маған тыныштық берген жоқ. 1989 жылдың аяғында Ауыл шаруашылығы басқармасында істейтін бір жігіт, облыстық атқару комитетіндегі Жәніс Кәрібаев үшеуіміз «Қазақ» қоғамын құруға келістік. 1990 жылдың 10 мамырында республикада қазақ қоғамы құрылып, мен соның төрағасы болдым. Үй аралап жүріп, қазақ мектебіне бала да жиналды. Содан 2 жылдың ішінде облыста 60-тан астам қазақ мектебі, 49 балабақша ашылды. Осы жылы қазақ театрын құратын, облыстық атқару комитетінің жарлығын шығарттық. Қазіргі Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры — біз құрған театр. «Қазақ қоғамын» қолдаушылар көбіе бастағаннан кейін филиалдарымызды аудандарда, совхоздарда аштық. Басшылық бізбен санасуға мәжбүр болды.

Алия КӨРІПЖАН: Сіздің шығармаларыңызда ұлттық идея, ұлттық намыс мәселелері жиі айтылады. Шығарма жазғанда идеяны қайдан іздейсіз?

— Көркем шығармадан кейін публицистикалық шығармаларға көшуге тура келді. Қазақтың жан дүниесін, халін жазу үшін әлемдегі басқа елдердің жағдайын білудің керек. Қазақтың әлемін салыстыратын басқа дүние керек. Дамыған елдердің саяси әлеуетін, рухани байлығын оқып білмейінше, шығарма тұдыра алмайсың. Егер сенде ондай өре болмаса, үлкен көркем шығарма тұмайды. «Қара бала, қара шалмен» көркем шығарманы тұдыру мүмкін емес. Қоғам да, қазіргі ауыл да өзгеріп кетті. Бұрынғы орта жоқ. Кезіндегі ауыл туралы жазған шығарман, қазіргі ауылмен мүлдем сөйкес келмеуі мүмкін. «Жаһан және адам»

тіркес, суреттеме болса елдің есінде қалады. Сондықтан міндетті түрде қазақ тілін білу керек. Ал енді қазақ әдебиетін бастан-аяқ оқу шарт емес. Өзіңе ұнаған жазушының шығармасын оқы. Әуелгіде қазақ әдебиетін түгелімен оқу мүмкін емес дүние. Бұл әлем әдебиетіне де қатысты. Кейінгі кездері әлем әдебиетінде 200 жазушының шығармалары тандалып алынған. Соларды тауып, әркілкісін таңдап оқуға болады. Ал тілді міндетті түрде үйреніңіздер. Үйреніп қана қоймай, құнарына жетіңіздер.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ: Өзіңіз кезінде Сәбит Мұқановпен жүздескеніңізді айтып, «жазушыларды қалай құрметтейтін едік» деп айттыңыз. Сол құрмет әлі күнге дейін өз деңгейінде сақталды ма? Екінші сұрағым — қазіргі қоғамдағы жазушының жауапкершілігі қандай?

— Әуелгі сұраққа жауап беру үшін Сәбит Мұқанов өмір сүрген қазақ қоғамы туралы білуді керек. Ол кезде совхоздар болды. Сол тұста халық қазақ әлеуетін, әдебиетін, тарихын жалпы қазақтың кім екені дегенге шөлдеген кезі болатын. Тіпті ертегілердің, батырлар жырының жаңадан шығып жатқан кезі еді. Сол тұста ол кісілер, шын мәнісінде, халықтың сөзін сөйлеген, халықтың ғұмырын жазып шыққан жазушыларды әулие көргені рас. Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезов, Ғабиден Мұстафин, айта берсең көп. Дүйім жұрт оларға сенді, қазақ халқына өте керек адамдар ретінде қабылдады. Олар «қазақ жұртын әлі де алға қарай сүйрейді» деген ойда болды. Ал енді қазіргі қоғам бізді солай қабылдай ала ма? Мәселе сонда жатыр. Егер бізді, мына жазушылар тәрізді қоғамға соншалықты еңбегімізді сіңірсек, бағалайды. Ал сіңірмей, «мен жазушы едім, мен ақын едім» деп айқайлағанды біреу бағалай ма? Керісінше, қазір халықты насихаттаудан бұрын өзін насихаттайтындар көбейіп кетті. Қазіргілер бір шығарманы жазды, бүгін шығарды, ертең тұсаукесер өткізеді. Оны оқып жатқан ешкім жоқ. Бір-бірімізді мақтау деген жөн-жосықсыз кетіп қалды. Ондай адамды халық қалай қадірлейді? Мен еш уақытта тұсаукесер өткізгенім жоқ.



болсаң, халыққа жаның ашымай тұрмайды. Сен ақылмен сезбейтінді жазушылық талантпен, сезіммен сезесің. Мысалы, Абайды бәріміз ұлы ақын дейміз, оның есімін ұмытпаймыз. Ғабиден Мұстафин айтқан: «Абайды менің әкем оқыды, қазір мен оқып жатырмын, менен кейін балам оқиды, баламнан кейін немерем, одан кейін шөберем әрі кете береді». Неге? Егер халыққа керемет жаны ашымаса, соның кемшіліктеріне күйзелмесе, Абай шықпас еді. Жас жазушыларға айтарым: өз халқыңа жаның ашып, өз халқыңды сүю керек. Жазушылардың ішінде еліктеу деген көп болады. Егер бір жазушының аты шықса, соған еліктей кетеді. «Ойбай, анау Нобель сыйлығын алды» десе соған жүгіреді. Біздің кезімізде Шыңғыс Айтматовқа еліктеушілік деген өте көп болды. Елдің бәрі түгел шал мен баланы жазға басталды. Шыңғыс Айтматов та халқын уайымдаған керемет жазушы. Басқа шығармасын оқымасандар да, «Ақ кемесін» оқыңдар. Сонда бәрі жазылған.

ЖАЗУШЫЛЫҚКА ӘКЕЛГЕН — ОРАЛХАН БӨКЕЙ

Әсемай БАЙХАЗАРОВА: Сіздің «Тамыздың таңы» атты шығарманыңды жазуыңызға не себеп болды? Кімдер түрткі болды?

— Ол шығарма ертеде жазылды. Мені жазушылыққа әкелген кісі Оралхан Бөкей болатын. Алматыда Қытайдағы қазақтарға хабар тарататын бір радио ашылды. Мен сонда істеп жатқанмын. Содан Целиноградқа ауыстырып, кілең орыстың ортасына тап болдым. Жұмыс көп, пәтерден-пәтерге көшіп жүрміз. Бір күні Оралхан Бөкей менің жұмыс орнымға хабарласты. Кезінде студенттер арасында шығармадан жарыс болып, менің әңгімемді таңдап алған болатын. «Сенің қолыңнан бірден келетін еді, қайда жоғалып кеттің? «Жалын» деген баспа ашылайын деп жатыр. Мен соған бастық болып бара жатырмын. Қолыңдағы қолжазбаларды жинап, маған кел» деп айтты. Ол кезде аты дүркіреп тұрған Оралхан Бөкейдің өзі хабарласқанда, еш ойланбастан, бүкіл жазған-тергенімді жинап кете бардым. Міне, «Тамыздың таңын» сол кезде жазғанмын.

Бекнұр ҚАРАҒҰЛЫ: Қазіргі таңда филологтардың журналист болып кетугі қалыпты жағдай. Осы тұрғыда әдебиет пен журналистиканың тоғысқан жері қай тұс? Филологтардың журналист болып кетугі дұрыс па?

— Естерінде болсын, әдебиетші деген мамандық жоқ. Жазушы деген кәсіп жоқ. Журналист деген кәсіп бар. Ақын-жазушылардың журналист болу себебі — осы. Ал әдебиетші деген мамандық пен кәсіп болмайтын себебі көркем шығарманы сен тапсырыспен жаза алмайсың. Журналистика мен әдебиетті егіз дер едім. Бұлар бір әке-шешенін егіз баласы сияқты және біріңсіз-бірі жоқ. Өйткені журналистер арқылы ақын-жазушылар халыққа, бұқараға шығады. Біздің замандағы журналистика халықты, елді таңуға көмектесуші еді. Естерінде болсын, елмен араласпай, жер көрмей журналист болу мүмкін емес. Қазіргі журналистердің бір кемшілігі, барлығы бір жерде отырып, жұмысын атқарып жатыр. Шетке шығып, аралау мүлде жоқ. Егер бұлай жалғаса беретін болса, журналистика байырғы тілінен айырылып қалады. Журналистің жазған публицистикалық, очерк деңгейіндегі жазған дүниелері әңгімеге бергісіз болып шығады. Сендер өз мамандықтарыңа журналистиканың шеңберінде қарамаңдар. Кез келген адамның қабілеті бар. Тек қана оны ұштай білу керек. Екіншіден, «ақын-жазушы боламын» деп асықпаңдар. Айтатын бірденелерің болған кезде қолға қалам алыңдар.

Аңсағамын АДАМ: Алдан аға, жазу туралы көп дүние айттыңыз. Оқытушыларымыз «көп күнделік жаз, кейін көмегі тиеді» деп айтатын еді. Қазір күнделік жазуды студенттерге кеңес ретінде айтар ма едіңіз?

— Әлбетте, күнделік жазыңдар. Өйткені бүгінгі оқиғаны, идеяны ертен ұмытып қаласыңдар. Адамға кез келген идея тура соны ойлағанда туады. Мен ылғи күнделік жазып келген адаммын. Соңғы уақытта көп ауырып, физикалық түрде ушнәрсеге күшім жетпеді. Кейін қолыма қалам алып, күнделік жазуға қайта кірістім. Мұндай дүниені Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Мұхтар Әуезов те жазып отырған. Көркем шығармадан ала алмайтындардың көбісін солардың жазған күнделіктерінен аласыңдар. Өйткені олардың азамат, ақын, қайраткер ретінде бүкіл ойы соның ішінде тұр.

Ерсұлтан АЛПЫСБАЙ: Өзіңіз айтқандай, қазір журналистер редакциядан шықпанды. Халықтың мәселесін көтеретіндей, жұртпен бірге жүретіндей арнайы бағдарламалар керек деп ойлайсыз ба?

— Әрине, арнайы бағдарламалар керек. Сағат Әшімбаев телерадио-корпорациясының төрағасы болып тұрған кезде «Парыз бен қарызды» ұйымдастырды. Одан кейін, «Дөңкер» деген бағдарламаны да ашты. «Дөңкер» деп алғаш рет шетелде жүрген қазақтармен байланыс орнатты. Астраханға, Омбыға, Ташкентке барды. Сол кездегі саяси жағдайға қарамастан Қытай қазақтарына бұрып хабар жасағысы келді. Бірақ оған үлгеріп алған жоқ. Одан кейін бағдарлама «Қауышу» болып өзгертілді. Міне, осы сияқты бағдарламаларды телекорпорациялар ұйымдастыруы керек. Бір жағынан, бұл — олардың пазызы. Қазір, өкінішке қарай, жеңіл дүниелерге кетіп барамыз. Басқасын былай қойғанда, Сағат Әшімбаевтың ойдағы идеяларын жүзеге асырсақ та алысқа барар едік.

— Әңгіменізге рақмет!

Дайындаған Көктем ҚАРҚЫН, Әсет ҚАЛИ

ТЫНЫС

16 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЗЕРДЕ

ЗЕЙІН АШҚАН
ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫС

«Рухани келісім күніне» орай Түркістан облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен «Ойлан тап» атты облыстық интеллектуалды ойыны өтті.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Шара жастар арасында білімге, ізденіске және терең ойлауға деген құштарлықты арттыру, рухани келісім мен өзара сыйластық құндылықтарын дәріптеу, сонымен қатар азаматтық жауапкершілігі жоғары, отансүйгіш және мәдениетті тұлғаны қалыптастыруды мақсат етті.

Зияткерлік сайысқа облыстың барлық аудан және қала әкімдіктерінің ішкі саясат бөлімдерінің қызметкерлері, «Руханият» орталықтарының өкілдері, жастар ресурстық орталықтарында қызмет ететін теолог мамандар, дін қызметкерлері мен медресе-колледж ұстаздары қатысты. Іс-шараның ашылу салтанатында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларды Рухани келісім күнімен құттықтады. Ол өз сөзінде қоғамдағы татулық пен тұрақтылықтың маңызына тоқталып, осындай танымдық іс-шаралар жастардың рухани және интеллектуалды дамуына қосатын үлесі зор екенін атап өтті.

«Береке мен бірлік, тұрақтылық пен тыныштық, татулық пен келісім – біздің басты байлығымыз», – деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі бүгінде әр қазақстандықтың өмірлік ұстанымына айналуға тиіс. Рухани келісім ел бірлігінің, тұрақтылықтың және дамудың негізі. Осы орайда өткізілген «Ойлан тап» ойыны жастардың білімін шыңдап, бірлік пен татулыққа шақыратын мәні зор жоба», – деді Ертай Алтаев.

Интеллектуалды ойын үш кезеңнен тұрды. Сайыс сұрақтары еліміздің және Түркістан облысының тарихы, әдебиет пен мәдениет, ұлттық салт-дәстүрлер, дін саласындағы заңнамалар және спорт тақырыптарын қамтыды. Қатысушылар терең білімдерін, жылдам ойлау қабілеттерін және тапқырлықтарын көрсету арқылы өзара мықты бәсеке өрбітті.

Байқауды бағалау үшін кәсіби қазылар алқасы шақырылды. Олардың қатарында теология және философия ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетай, білікті дін қызметкері Айдар Оспанов, сондай-ақ облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахматулла Сабыржанұлы болды.

Қазылар алқасы қатысушылардың ой ұшқырлығын, логикалық пайымдау қабілетін және командалық ынтымақтастығын әділ бағалап отырды.

Тартысқа толы өткен сайыста Отырар ауданының командасы өзгелерден озық шығып, бас жүлдені жеңіп алды. Команда мүшелері ұйымдастырушылар тарапынан 500 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйлыққа ие болды. II орын – Сайрам ауданы мен «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ командаларына бұйырып, олар ынтымақ пен білімнің үлгісін көрсетті.

Ал III орын иегерлері – Ордабасы және Төле би аудандарының командалары 150 мың теңгеден ақшалай сыйлықпен марапатталды. Сонымен қатар белсенділік танытқан қатысушыларға алғыс хаттар мен ескерткіш сыйлықтар табыс етілді.

Осындай танымдық әрі тәрбиелік мәні зор зияткерлік ойындар жастардың логикалық және сыни ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, олардың бойында патриотизм, толеранттылық және рухани келісім қағидаттарын қалыптастырады. Түркістан облыстық дін істері басқармасы алдағы уақытта да осы бағыттағы шараларды жүйелі түрде өткізіп, жастардың интеллектуалды және рухани әлеуетін арттыруды көздеп отыр.

«Біздің басты мақсатымыз – білімді, ізгі ойлы, елінің болашағына бей-жай қарамайтын жас ұрпақ тәрбиелеу. Рухани келісім мен бейбітшілік – кез келген қоғамның іргетасы. Сол құндылықтарды дәріптеу – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», – деді облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахматулла Сабыржанұлы.

АГРОСЕКТОР

Аграрлық әлеуетімен ел экономикасында сүбелі орын алатын Ақмола аймағы бүгінде заманауи технология мен инновацияның ордасына айналып келеді. Цифрландыру үдерісі ауыл шаруашылығынан бастап, әлеуметтік сала мен мемлекеттік басқаруға дейін еніп, өңірдің даму бағытын түбегейлі өзгерткенін атап өткен жөн. Интеллектуалды шешімдер мен жасанды интеллектке негізделген жобалар нақты нәтижесін беріп, Ақмоланы жаңа сапалы өмірдің аймағына айналдыруға негіз болды. Бұл – дәстүр мен технологияның, еңбек пен жаңашылдықтың үндескен үлгісі екені даусыз. Өңірдің өркендеу бағытын айқындап, заманауи технологияларды барлық салаға енгізу ісі бүгінде нақты нәтижесін де беріп отыр.

Абзал ТОҚАН,
Ақмола облысы

Таяуда Парламент Мәжілісінің депутаттары Ақмола өңіріне жұмыс сапарымен ат басын бұрып, цифрлық жаңғыру мен әлеуметтік даму бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен жан-жақты танысты.

Депутаттардың сапары облыс орталығы Көкшетаудағы Быковский көшесінде бой көтерген жаңа тұрғын үйлер кешенінен басталды. «Реновация» бағдарламасы аясында салынған бұл баспаналар – заманауи тиімділік пен жайлық стандарттарына сай келетін нысандар. Жакында мұнда қоныстанушылар көшіп келген.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, жаңа бағдарлама мыңдаған ақмолалықтардың тұрғын үй жағдайын жақсартып қана қоймай, қалалар мен аудан орталықтарының келбетін түбегейлі өзгертпек.

– Біз тұрғын үй құрылысына тек әлеуметтік қажеттілік тұрғысынан емес, өңірдің эстетикалық және экологиялық бейнесін жаңғыртудың маңызды бөлігі ретінде қараймыз. Бұл бағдарлама жаңа өмір сапасының символына айналмақ. Реновация бағдарламасының көмегімен біз қазірдің өзінде қаланың көптен бері шешімін таппаған әлеуметтік мәселелерін реттеп келеміз, – дейді өңір басшысы Марат Ахметжанов.

Сапар барысында депутаттар 150 адамға арналған Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында да болды. Мұнда егде жастағы тұрғындарға ән айтып, би билеу, сурет салу, спортпен шұғылдану, сондай-ақ басқа да шығармашылықпен айналысуға мол мүмкіндік берілген. Жакында ғана пайдалануға берілген орталық зейнет жасына жеткен адамдарға қамқор болу мен әлеуметтік инклюзия қағидатын жүзеге асырудың жарқын үлгісіне айналған.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ
ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ



– Бұл – жай ғана демалыс орны емес, бұл – өмірге деген құлшынысты арттыратын, адамдарға екінші тыныс беретін кеңістік. Біз аға буынның әлеуетін қоғам өміріне барынша тартуға тиіспіз, – дейді облыс әкімі.

Халық қалаулылары бұдан соң Көкшетауда жуырда ашылған «Көк Шалғын» жобасы аясындағы абаттандыру аумағына барды. Жаз бойы тынымсыз жүргізілген жөндеу жұмыстарының арқасында қаланың қақ ортасындағы батырларға арналған саябақ, Данк аллеясы мен Тәуелсіздік алаңы жанаша кейіпке енген. Ал ұзындығы 1,4 шақырымдық жаңа Жағалау бүгінде көкшетаулықтардың сүйікті серуендеу орнына айналғанын атап өткен жөн.

Бір кездері ескі, елеусіз көрінген аймақтардың бүгінде заманауи демалыс ошағына айналуы – өңірдің дамуына ерекше серпін қосқан. Яғни, Ақмола облысы бүгінгі күннің сұранысына жауап беретін «ақылды аймақ» болуға нық қадам басқан.

Сапардың ең маңызды бөлігі – Digital Aqmola орталығына бару болды. Мұнда – өңірдің барлық цифрлық шешімдері шоғырланған, мәліметтерді нақты уақыт режимінде талдап, шешім қабылдауға мүмкіндік беретін интеллектуалды штаб орналасқан. Орталықта облыстың даму бағыттарына қатысты барлық көрсеткіш сандық форматта жинақталып, мемлекеттік басқару жүйесіне енгізілгенін атап өткен жөн.

– Бүгін біз Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айқындалған цифрландыру мен жасанды интеллект енгізу тапсырмаларын орындаудың нақты үлгісін көріп отырмыз. Digital Aqmola – бұл іс жүзінде өңірдің «Цифрландыру үйі». Мұнда IT бастамалар мен стартаптар тоғысып, инновациялық экожүйе қалыптасып отыр, – деп толықтырды Марат Ахметжанов.

Қазір орталықта 15-ке жуық цифрлық жоба жүзеге асырыла бастаған. Жергілікті IT мамандар өз өңірінде отырып-ақ, мемлекеттік басқару, ауыл

шаруашылығы, экология және әлеуметтік салаларға арналған нақты шешімдер әзірлейді.

Ақмола облысы қысқа ғана уақыт ішінде ауыл шаруашылығы саласында цифрлық технологияларды енгізудің көшбасшыларының біріне айналып үлгерді. Биыл Ақмола облысы егіс алқабын 5,5 миллион гектарға дейін ұлғайтып, орташа өнімділік гектарына 16 центнерге жеткізген еді. Жалпы жиналған астық көлемі 6,7 миллион тоннадан асқан. Ресми деректерге сенсек, аймақ мемлекет қолдауы мен диқандардың ерен еңбегінің арқасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемін 1,2 триллион теңге деңгейінде қамтамасыз етуді көздеп отыр.

Кездесуде астықты терең өңдеу және инвестиция тарту мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Өңірде қытайлық Dalian компаниясымен бірлескен құны 650 миллион долларды құрайтын аса ірі жоба іске асуда. Оның алғашқы кезеңінде жылына 1 миллион тонна астық өңделсе, алдағы уақытта бұл көлем 3 миллион тоннаға дейін ұлғайтылмақ.

Бұл жоба тек өндірістік емес, әлеуметтік-экономикалық маңызы зор бастама болмақ. Бастама сәтті болса жаңа жұмыс орындары ашылып, жергілікті инфрақұрылым дамиды, сондай-ақ өңірдік экспорттық әлеуеті де арта түспек. Мәжіліс депутаты Айдарбек Қожаназаров сапар қорытындысында Ақмола облысының бастамаларын еліміздің басқа өңірлеріне үлгі етуге болатынын атап өтті.

– Цифрлық технологиялар басқару жүйесін ашық әрі айқын етті. Қабылданған шешімдер енді нақты деректерге сүйенеді. Бұл – технологияның адам өмірін жақсарту алатынының нақты дәлелі, – деді Мәжіліс депутаты.

Бүгінгі Ақмола – бұл дәстүр мен технологияның, еңбек пен жаңашылдықтың тоғысқан мекені. Аймақта жүзеге асырыла бастаған цифрландыру жобалары тек техникалық құрал емес, басқару мәдениетінің жаңа деңгейге көтеріле бастағанын айғақтайды.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТПІ

МОБИЛЬДІ БЕКЕТТЕР МАЛ ҰРЛЫҒЫМЕН КҮРЕСПЕК

Жыл сайын осы уақытта сақшылардың қырағы көзі ауылдан қалаға ағылған көліктерге түседі. Биыл да Қарағанды облысында мал ұрлығының алдын алу мақсатында мобильді бекеттер қойылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Өңірде мал ұрлығының алдын алу және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүлкін қорғау мақсатында 15 қыркүйектен бастап республикалық және облыстық маңызы бар автожолдарда 20 мобильді бекет жұмыс істеуде.

Мобильді бекеттердің негізгі міндеті – ет өнімдерін тасымалдайтын көліктерді тексеріп, олардың құжаттарының заң талаптарына сәйкестігін бақылау. Тексеріс жұмыстарына патрульдік полиция, учаскелік инспекторлар және криминалдық полиция қызметкерлері жұмылдырылған.

Алғашқы бес күн ішінде тәртіп сақшылары 2 мыңға жуық автокөлікті тексеріп, тасымалданған ет өнімдерінің құжаттарын бақылаудан өткізді.

– Күзгі соғым маусымының жақындауына байланысты жайылымнан мал ұрлығы жиілейтін кезең. Сондықтан мобильдік бекеттердің жұмысы қылмыстың алдын алуға бағытталып отыр. Шаруа қожалықтарының иелері мен ет

тасымалдаушыларға түсіністікпен қарап, полиция қызметкерлерімен ынтымақтасуды сұраймыз, – деді Қарағанды облысы полиция департаменті криминалдық полиция басқармасы бастығының орынбасары Мейіржан Сламбеков.

Мал ұрлығы халықтың қызылсырап, күздік пен соғым уақытында өрши түсетіні бар. Былтыр облыс аумағында мал ұрлығына қатысты 25 дерек тіркеліп, 147 мал қолды болған. Оның ішінде 64-і – жылқы, 44-і – сиыр, қалғаны ұсақ мал болған.

Жүргізілген кешенді шаралардың нәтижесінде 95 бас мал табылып, иелеріне қайтарылды. Статистикаға сүйенсек, 19 жағдайда мал жайылымнан қараусыз жүрген жерден ұрланған, ал 6 дерек мал қорадан қолды болу фактілеріне қатысты. Сонымен қатар кешенді жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында 18 адамнан құралған 4 қылмыстық топ ұсталып, олардың заңсыз әрекеттеріне тосқауыл қойылды.

Ұрлық кейде бірден ашылмайтыны да шындық. Полицейлер Қарағанды облысында алты бас малды ұрлау факті-



сін ашқан еді. Мамырда ашылған іс қыста жасалған болатын. Өріне, жүргізілген шаралар өз нәтижесін берді. Қыста Қарағанды облысы Ғ.Мұстафин атындағы кенттің полиция бөлімшесіне ауылдың 56 жастағы тұрғыны ұрлық туралы арызбен жүгінді.

Өтініш берушінің айтуынша, оның қорасы екі рет қылмыстық шабуылға ұшыраған. Алғаш рет шабуылдаушылар күздің басында үш қошқарды ұрлап, біраз уақыттан кейін қайта кіріп, тағы үшеуін ұрлап кеткен. Жәбірленушіге келтірілген жалпы шығын 480 мың тең-

гені құрады. Жедел-ізвестіру іс-шараларының нәтижесінде полицейлер күдіктілердің жеке басын анықтады. Олар 24 жастағы қала тұрғыны және 19 жастағы ауыл тұрғыны болып шықты.

Малды ұрлау фактісі бойынша қозғалған қылмыстық іс шеңберінде жауап алу барысында ұсталғандар мойындау айғақтарын берді. Олар тергеу-жедел тобына қылмыс жасау тәсілін егжей-тегжейлі сипаттап, жануарлардың өлекселерін кесу орындарын көрсетті.

Ал Нұра ауданында шаруа қожалығының иесі жеріне түскен жылқыларды

қырып тастады. Егіні орылған алқапта жайылған бір үйір жылқыны бақташы қарап жүрген екен. Бақташының айтуынша, көлігімен құйғытып келген шаруа қожалығының иесі оқты қарша боратқан.

Жылқылар мен бақташы жан-жаққа қаша жөнелген. Диқаншы қатарынан 17 бас жылқыны атып тастапты. Оның ішінде үшеуі ғана аман қалған. Арам қатқан 14 жылқы ит-құсқа жем боп, сайын далада сасып калды. Оқиғадан кейін полиция қожалық иесінің көлігінен оқ-дәрі тапқан. Ал мылтық жоқ болып шықты. Куәгерлер күдіктіде қару болғанын растады. Полиция департаменті аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды.

– Бөтеннің мүлкін қасақана жою фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Аталған қылмысты істелі деген күдікпен полиция қызметкерлері 53 жастағы Нұра ауданының тұрғыны анықталып, полиция бөліміне жеткізілді. Оқиғаның барлық мән-жайын толық әрі объективті анықтауға бағытталған тергеу жүріп жатыр, – деді Қарағанды облысы ПД баспасөз хатшысы Бақытжан Құдияров.

Бұл бірінші оқиға емес, бұған дейін үш жыл бұрын Қарағанды облысындағы Тұзды ауылында шаруа қожалық иелері егінге түскен малды атып тастаған болатын. Мал ұрлығы ауыр қылмыс саналады. Солай болса да басқаның бағарына сұқтанушылар азаяр емес.

АЙМАҚ

16 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

САПАР

Батыс Қазақстан облысы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы іскерлік байланыс жаңа деңгейге көтерілді. Ақжайық өңірінен барған делегация үш күндік іссапар барысында жалпы құны 134 миллиард теңгені құрайтын 14 ірі инвестициялық жобаны қамтитын меморандумдарға қол қойды. Бұл келісімдер – екі-жақты серіктестіктің нақты нәтижесі ғана емес, ел Президентінің Жолдауында жүктелген тапсырмалардың тікелей орындалуы.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СЕРПІЛІСКЕ ЖЕТКІЗГЕН СЕРІКТЕСТІК



А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Сапар барысында делегация мүшелері Қытайдың Бейжін және Нанкин қалаларында болып, әлемдік деңгейдегі алпауыт компаниялармен келіссөздер жүргізді. Қол қойылған меморандумдар аясында өндіріс, сауда, жасыл энергетика, медицина, білім және логистика салаларында бірлескен жобалар жүзеге асады. Атап айтқанда, алғашқы екі зауыттың қондырғылары Қазақстанға жөнелтіліп, құрылыс жұмыстары алдағы күндері басталады.

Облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің айтуынша, 14 жоба түгелдей облыстың индустриялық аймағында жүзеге асады. Бұл өңдеу өнеркәсібін дамытуға тың серпін береді.

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, әсіресе өңдеу өнеркәсібіне инвестиция тартуға баса назар аударып келеміз. Қытайлық әріптестермен осы жобалардың іске асуын жеделдету бағытында нақты мәселелерді талқылады, — деді өңір басшысы.

Сондай-ақ сапар барысында Орал қаласында жаңа жылу электр стансасын салу мәселесі бойынша келісім жасалды. Жобаны Қытай тарапы толықтай өз қаражатына жүзеге асыруға ниетті. Қазір зерделеу жұмыстары жүргізілмек.

Инвестициялық жобалармен қатар, жұмыс күші мен кадр даярлау мәселесі де басты назарда. Қытайлық инвесторлар өндіріс орындары үшін заманауи технологияны менгерген жергілікті мамандардың қажет екенін алға тартты. Осыған орай тараптар бірлескен қазақ-қытай білім беру бағдарламасын іске асыруға уағдаласты.

— Бүгінде жаңа технологиялармен жабдықталған өндірістер үшін білікті кадр қажет. Осы мақсатта жергілікті жастарды оқытып, қажетті қаражатты қытайлық компаниялар өз мойнына алуға дайын, — деді Нариман Төреғалиев.

Келіссөздер кезінде облыс аумағында құны 17 миллиард теңгеге бағаланатын логистикалық хаб салу ұсынысы қаралды. Жоба транзиттік жүк тасымалын қамтамасыз етуге және көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар Бейжің қаласында Батыс Қазақстан облысының «Ақжайық» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының екінші инвестициялық және сауда өкілдігі ашылды. Бұл өкілдік аймақ пен Қытай арасындағы бизнес-байланыстарды нығайтып, тікелей серіктестікке жол ашды.

Басты жаңалықтың бірі — Бейжіңдегі келіссөздер барысында құрамында 22 холдингтік және 7 еншілес компаниясы бар, жылдық табысы 4,5 миллиард юаньнан асатын Beijing Jinyi Yuanfang холдингімен де стратегиялық әріптестік орнатылды. Холдинг облысқа бірқатар сала бойынша, өндірістен бастап, медицина мен білімге дейін инвестиция құюға дайын екенін мәлімдеді.

Батыс Қазақстан облысының Қытаймен орнатқан жаңа келісімдері өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қоспақ. Бұл — тек құжат жүзіндегі жоспарлар емес, нақты инвестиция тартуға, жұмыс орындарын ашуға, заманауи өндіріс орындарын іске қосуға бағытталған үлкен қадам. Енді жобалардың тиімді әрі уақытылы орындалуы — басты міндет.

ЖИЫН

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ ҚОРЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Алматыда кәсіпкерлер, инвесторлар, сарапшылар мен индустрия өкілдерін біріктірген New Vision форумы мәресіне жетті. Халықаралық іс-шараға әлемнің 20-дан астам елінен 7 000 қатысушы және 100-ге жуық компания-экспонент жиналды. Еуразия деңгейіндегі ауқымды бизнес алаңға айналған жиын 30 мың шаршы метр аумақты қамтиды. Дәлірек айтсақ, іс-шараны өткізу алаңы ретінде қаладағы үш бірдей локация таңдап алынды. Мұнда көрмелер, панельдік пікірталастар мен шеберлік дәрістері өтіп, кәсіпкерлер арасында келіссөздер жүргізілді.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ҚОР КАПИТАЛЫ – 40 МИЛЛИОН ДОЛЛАР

Форумның алғашқы күні арнайы сөз алған Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мегаполис туризм мен креативті индустрияның орталығына айналып келе жатқанын, жыл сайын қосымша 1 миллион турист тартуға мүмкіндік беретін жаңа жобалар іске қосылатынын жеткізді. Атап өтерлік маңызды жайт, Қазақстанда капиталы 40 миллион доллар болатын креативті индустрия қоры құрылады. Бұл туралы қала әкімі форумда мәлімдеді. Аталған қор негізінен кино, музыка, дизайн және цифрлық медиа саласындағы шығармашылық жобаларды қолдауға бағытталған.

— Креативті индустрия қорын құру қала экономикасын әртараптандыруға, шаһардың өңірлік қаржы мен инновация орталығы ретінде мәрте-

бесін нығайтуға ықпал етеді, — деді Д.Сатыбалды.

Күн өткен сайын жаһанда жасанды интеллект мәселесі өзекті тақырыпқа айналды. Бұл бизнес форумда да күн сауалынан тысқары қалған жоқ. Осы сәтті пайдаланып біз де креативті индустрия өкілдерінен жасанды интеллектінің өндіріске әсері туралы пікірін сұрап білдік.

ТИІМДІ ТҰСЫ ҒӘМ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ

Форумда сөз сөйлеген сарапшылардың қатарында продюсер, Warner Bros. компаниясының экс-президенті, әлемге әйгілі Disney студиясының бұрынғы вице-президенті Макс Ховард та бар. Анимация маманы жасанды интеллектінің киноиндустрияға әсері туралы сұрағымызға берген жауабында бұл бүкіл қоғамға, барлық салаға қатысы бар күрделі сауал екенін негізге алды.

— ЖИ тек кино саласын емес, барлық саланы қамтиды. Мысалы, сіздің газетіңізде қанша жұмыс орнын жасанды интеллект алмастыра алады

ДАМУ

ШАРУАЛАР ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Еліміздің басты астықты өңірі саналатын Ақмола облысы енді тек мол өнімімен емес, заманауи ақылды технологияларға негізделген ауыл шаруашылығымен танылмақ. Бұл дәстүр мен технологияның, еңбек пен инновацияның тоғысқан тұсы десек артық айтпаймыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айқындалған «Цифрлық Қазақстан» бағытын жүзеге асыру аясында өңір жасанды интеллектіні агроөнеркәсіптік кешенге енгізуді алғаш болып қолға алды.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында цифрландыруды елдің экономикасына тың серпін беруімен әрі жаңа индустрия дәуірінің негізі ретінде айқындаған еді. Мемлекет басшысы Ақмола облысына сапары барысында да өңір ұсынған агро-салаға жасанды интеллект технологияларын енгізу жобасына ерекше назар аударған. Президент бұл бастаманы қолдап, оны ел көлемінде таратудың қажеттілігін атап өткен. Осылайша, Ақмола облысы «ақылды ауыл шаруашылығының» ұлттық зертханасына айналмақ.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – БАҚЫЛАУШЫ ЕМЕС, КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ

Облыс әкімі Марат Ахметжановтың бастамасымен агроөнеркәсіптік кешенді толық цифрландыру ісі жүйелі түрде қолға алынды. Аграрлық сала бойынша өткен келелі жиын барысында өңір басшысы жасанды интеллекттің аймақтың басты экономикалық драйверіне енуі аса зор мүмкіндіктер ұсына-тынын атап өтті.

— Біздің мақсаты — әр шаруашылықтың жұмысын жеңілдету, өнімділікті арттыру және шешім қабылдауды деректерге сүйенген форматқа көшіру болып отыр. Жасанды интеллект — бақылау құралы ғана емес, ол аграрийдің нағыз серігі, оның еңбегін бұрынғыдан да тиімді ететін көмекші, — дейді облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Бүгінде Ақмолада 49 бірдей «ақылды» ферма жұмыс істейді. Оның 28-і егіншілікпен айналысса, 21-і мал шаруашылығы бағытын қолға алған. Сонымен қатар өңірдің 3 миллион гектардан астам егістік алқаптары толықтай цифрландырылды. Ендігі кезекте жасанды интеллектіні нақты өндіріс процесіне енгізу мақсаты қойылыпты.

Облыс әкімінің цифрландыру жөніндегі кеңесші Ерғали Мәбиевтің айтуынша, пилоттық жобаға қатысушы шаруашылықтар өздерінің алқаптары туралы деректерді, атап айтқанда, жердің паспорты,



агрохимиялық талдаулар, телеметриялық мәліметтер мен егіс журналдарын арнайы базаға енгізеді. Осы мәліметтер негізінде жасанды интеллект модельдері оқытылып, өнімділікті болжау, тыңайтқыштарды тиімді енгізу және өсімдік күйін спутниктік бақылау мүмкіндігі пайда болмақ.

Қазірдің өзінде жасанды интеллекттің өнімділік болжамы 90 пайыз дәлдікпен анықталып отыр, ал тыңайтқышқа кететін шығын 20-25 пайызға азайған. Бұл — нақты дерекке сүйенген жаңа ауыл шаруашылығы мәдениетінің бастамасы.

Пилоттық жобаға өңірдің ең ірі төрт шаруашылығы қатысып отыр. Соның бірі — «Дихан Плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Кәсіпорын басшысы Денис Швайбовичтің айтуынша, жүйе бұрынғы талдауларды толық растап қана қоймай, нақты қателіктерді де көрсетіп берген.

— Мысалы, себу мерзімін сақтамау немесе дақыл ротациясының бұзылуы егістікте өнімділіктің төмендеуіне ықпал етеді. Ал жасанды интеллектіні қолдану арқылы өнімділікті 5 пайызға дейін арттыру мүмкіндігі пайда болды. Енді тіпті IT-маман да агрономияны



деп ойлайсыз? Қандай лауазымдар жойылуы мүмкін? Егер әлемде көптеген мамандықты ЖИ алмастырса, жұмыссыз қалған адамдардың табыс көзі де болмайды. Ал киноиндустрия адамдардың билет сатып алуына, стриминг платформаларға жазылуына тәуелді. Егер көрерменде өнімді сатып алуға ақша болмаса, кино да зардап шегеді. Қазір түрлі платформаларға жазылым көп. Алайда адамдардың тұрақты табысы болмаса, олар ойын-сауыққа да ақша алмайды деген сөз, — деді продюсер.

Статистикаға назар аударсақ, 2025 жылы наурыз айында eGov мобильді қосымшасы арқылы өткен сауалнамаға 53 мыңнан астам қатысып, олардың 79 пайызы жасанды интеллект дағдыларын үйренгісі келетінін айтқан. Одан бөлек, халықтың 65 пайызы ЖИ-ді күнделікті өмірде пайдаланса, ал 35 пайызы кәсіби қызметінде қолданытынын көрсеткен. Алайда танымал продюсер Макс Ховард кез келген салада ЖИ-ді қолданудың тиімді тұстары бар екенін айта отырып, оның экономикалық салдарын да назарға алуымыз тиіс екенін түйреп өтті.

— Менінше, ЖИ-ді қысқамерзімді тұрғыдан қарауға болады. Мен кейбір рөлдерді ЖИ-дің көмегімен алмастырып, фильм өндірісінің шығынын азайта аламын. Бірақ бұл өзгерістердің экономикалық салдарын да ойлауымыз тиіс. Себебі ЖИ кез келген индустрияны түбегейлі өзгерте алады. Мұндай жағдайда әлем экономикасы қалай өмір сүретіні белгісіз. Бұл проблема емес, керісінше, ЖИ құралдарын жұмысыңызды тиімді орындау үшін пайдалану қажет. Егер бұл процесс жұмыспен қамту есебінен жүзеге асса, онда жұмыссыздық пен оның қоғамға әсерін ескеруіміз тиіс, — деді М.Ховард.

Биылғы іс-шараға қатысушылардың арасында Макс Ховардтан өзге Booking.com және uBid.com компаниясының негізін қалаушы, инвестор Джефф Хоффман, жазушы, мотиватор, көшбасшылық бойынша әлемге танымал сарапшы Робин Шарма да бар. Форум аясында кәсіпкерлер мен креативті индустрия өкілдері Алматы қаласын халықаралық инвестицияларды тарту тұрғысынан айрықша мүмкіндіктерге ие хаб ретінде бағалады.

менгеріп, жүйе ұсынған талдауға сүйене отырып, шаруашылықты толықтай басқара алады, — дейді Денис Швайбович.

Аймақ цифрлық трансформацияны тек техникан емес, адам капиталы арқылы жүзеге асыруды көздеп отыр. Осы мақсатта өңір басшысы Марат Ахметжанов әр ауданда цифрлық технологиялар бойынша оқыту курстарын және тәжірибелік семинарлар ұйымдастыруды тапсырды.

Оған ғылыми ұйымдар, салалық компаниялар мен аграрлық жоғары оқу орындары қатыспақ. Бағдарлама дәлме-дәл егіншілік, агроаналитика, спутниктік мониторинг, цифрлық картография және IT-жүйелермен басқару сияқты бағыттарды толықтай қамтамасыз етпек.

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ ҚОҒАМДЫҚ ЭТИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Өңірде цифрландырумен қатар идеологиялық және қоғамдық даму жұмыстары да жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Облыс әкімінің орынбасары Досұлан Айтбаев төрағалық еткен өңірлік идеологиялық кеңесте қоғамның рухани жаңғыру бағыттары да талқыға түсті. Кеңес барысында Президент реформалары мен Жолдауының мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыру мәселелері көтерілді. Облыс әкімінің орынбасары Досұлан Айтбаев мемлекет басшысы ұсынған бағдарламалар идеология саласында да аса үлкен жауапкершілікті талап ететінін атап өтті.

— Жаңа кезең — жаңа ойлау мен жаңа жауапкершілікті қажет етеді. Мемлекет басшысы ұсынған «Адал азамат», «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан» қағидаттары — бүгінгі идеологиялық жұмыстың өзегіне айналуы тиіс. Біз қоғамды тұрақтылық, әділет және еңбекқорлық құндылықтары төңірегінде біріктіріміз қажет, — деді Досұлан Айтбаев.

Облыс әкімі цифрландыру мен жасанды интеллекттің аймақтың басты кәсібі — ауыл шаруашылығындағы нәтижесін тек бірлесе әрекет еткенде ғана көруге болатынын алға тартты.

— Цифрландырудың табысы — ең алдымен аграрийлердің өздеріне байланысты. Біз бірлесе әрекет еткенде ғана нақты нәтиже көреміз. Ақмола облысы ауыл шаруашылығына жасанды интеллект енгізу арқылы елге үлгі болуға тиіс, — деді Марат Ахметжанов.

Қазір Ақмола жерінде жаңа дәуірдің дәні себілді. Ол — білім мен еңбектің, технология мен дәстүрдің дәні. Бұл дән ертеңгі ақылды, өнімді, цифрлы Қазақстанның көктемнің алғашқы кезеңі болмақ.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің жатақаларына төсек орын жабдықтарын техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алу.

Лот №1. Екі қабатты кереует және киімге арналған шкаф;
Лот №2. Жиназбұйымдары (кітап сөресі, үстел, орындық, аяқкіім сөресі);
Лот №3. Тоқыма бұйымдары (Төсек, жапқыш жиынтығы, жастық, көрпе, перде (күнқақтары)).

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі — 30 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талап-

тарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсыну отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда, соңғы бес жыл ішінде тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

6. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы орындаушы (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

8. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген ISO сертификаттары және тауарды өндіруші ұйымның ресми дилері екендігін нақтылайтын құжаттары;

9. Басшылық талап еткен жағдайда тауарлардың сапа сәйкестігін растау үшін олардың үлгілері, каталогтары және/немесе суреттері. (Женімпаз болып табылған жеткізуші жеткізілетін тауарлардың үлгісін тапсырыс берушімен келісуі қажет.)

10. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет;

Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 05.11.2025 ж. (12:00), 201-кабинет.

16 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ӨРТЕДЕН САНҒА МӘН БЕРІП, ҚАСИЕТТІ БӨЛЕК КӨРЕТІН. ҚАЗІРГІ ҰРПАҚТЫҢ ӘУЕСТІГІ ТЫМ БӨЛЕК СИПАТ АЛДЫ, ЖҰМЫС, ЖЕКЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ, ДЕНСАУЛЫҚТА ҚАНДАЙ ДА БІР МӘСЕЛЕ БОЛСА, НУМЕРОЛОГ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНУ СӘНГЕ АЙНАЛДЫ. ҚОҒАМДА НУМЕРОЛОГ ЖАНЫҢДЫ ТҮСІНЕДІ, АРҚАҢНАН ҚАҒЫП, ҚОЛДАУ ТАНЫТАДЫ ДЕЙТІН ҒАЖАП ТҮСІНІК БАР. БҒАН БАҚСЫ-БАЛҒЕРЛІКПЕН ҚАТАР ТАРОЛОГИЯ, АСТРОЛОГИЯ, РОДОЛОГИЯНЫ ҚОСЫҢЫЗ. БЕЛГІСІЗ ІЛІМДЕР ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА НЕ ҮШІН МАҢЫЗДЫ МӘНГЕ ИЕ?

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы «қоғамдық көңіл күй» сауалнамасында респонденттердің 18%-ы болашағына қатысты шешім қабылдарда балгерге немесе нумерологқа жүгінетінін көрсеткен. Кейбірі баласының атын қою, үй, көлік сату, отбасы құру сынды жауапкершілік жүгі ауыр кезеңде де нумеролог кенесін кош көреді.

Қазір мұндай мамандардан кенес алу да қалтаға әжептәуір ауырлық салады, алайда қиындықтың шырмауына түскен жан нумерологты құтқарушысындай көріп, қайдан болса да, қаржы табуға даяр. Қызмет құнын білу үшін әлеуметтік желідегі белсенді нумерологтарға байланыска шықтық.

Талшын Маратқызының жеке талдауы 15 500 теңге тұрады. Біз таңғалдырғаны, балаларға бөлек кенес жүргізеді, оған баланың талант-қабілеті, мінез-



АЛДАП-АРБАУ МА, ЖАНҒА ҚОЛДАУ МА?

талдауын тындап, болашаққа болжам емес, бағыт алғандай болды.

— Жалпы, әлемде де, Қазақстанда да нумерология — ғылым емес, эзотерикалық бағытқа жататын ілім, адамды өзін тануға жетелейтін құрал. Егер бұл жеке өсуге, жауапкершілік алуға, өзін түсінуге апарса, нәтижелі тәжірибе болмақ. Тәуелді болуға жеткізсе, манипуляция ретінде қолданылса, коммерциялық жобаға айналады, — дейді психолог.

Н.Сұлтанбекқызы ілімнің психологиялық ғылымға негізделген тұсын ғана қолданады. Ол нумерологиядан бұрын ғылыми психологияны 2018 жылдан бастап жан-жақты зерттеуге бекінген, содан бері жан әлемін тануға құмар, ал негізгі мамандығы — ғылыми тарихшы. Ол әу баста өзін нумеролог емес, нумерологияға қызығатын жан деп таныстырды.

— Нумерологиямен 10 жылдан аса уақыт айналысып жүрген, тәжірибесі терең мамандар бар, бірақ бір-екі курс оқып алып, өзге адамның тағдырына нақты үкім айту — нумерология емес, жауапсыздық. Нумерологияда ешкім солай болады деп кесіп айтпайды, адамның болашағы тандауы мен әрекетіне байланысты. Шынайы маман «осылай

шашып жүруін керек, жомарт бол, қайырымдылықпен айналыс, сонда ғана кіріс болады» деп кенес айтқан. Әлгі жігіт үйін сатып, ақшасын қорға жіберіп, отбасымен далда қалды. Бір әйел миллиондаған қарыз алып, күнде той жасап, қарыз төлейтін уақыт келгенде өбден қиналып, қасықтап жиған абыройын шелектеп төкті. Әр ақпарға сын көзбен, терен оймен қараған жөн. Жұрт айтқанның бәрі шындық бола бермейды, — дейді психолог.

Л.Нариман да әңгімемізде адамды алдап-арбап ақша табуды маманданғандардың торына түсіп қала жаздағанын жасырмай айтты. Бір құрбысы сағатына 200 мың алатын астрологқа барып, өтірігін тындаса, өзі родологтың кенесіне көңілі толмағанын жеткізді.

— Бірде родологтан кенес алуға барғанмын. Әкем ертеде қайтыс боп кеткен. Сонда ана кісі «Сен бір қанатсыз құссың. Әкең жоқ, ұша алмайсың» деген. Сол сөзі ойымнан біраз уақыт кетпеді. Психологияда «интросекция» деген ұғым бар, бір адам сізге жағымсыз ақпарат айтса, сол бағдарлама гипноз сияқты, кері әсерін беруі мүмкін, — дейді психолог.

Елде бұдан бөлек діннің атын жамылып, халықты алдайтын кәсіп иелеріне де тоқтау болмай тұр. Арқаннан қағамыз, Құран оқытамыз деп қарапайым халықтың қалтасын қағып жүргендер баршылық.

— Алматыда тұрған кезде бір келіншектер Сүйінбай, Жамбыл аталардың басына барып, Құран оқымыз деп мені де алып жүрді. Біреу сапар соңында сізге көз тиген, мал сойып, құрбандық шалуыңыз керек, Түркістанға, киелі жерлерге баруыңыз керек деп есімді шығарды. Құран оқыту, Алланың жолына 70 мың төленіз, бізбен бірге жүріңіз деп қоймады. Шырақ жағамыз, арқанды қамшылаймыз, рақаттанып қаласың деп тағы шақырды. Психолог болғандықтан, олардың бизнес түрі екенін ұғып, әрең құтылдым, — деп баянлады Л.Нариман.

Психолог соқыр сенімге итермелейтін 3 негізгі себепті анықтап берді. Алдымен адамның қызығушылығына байланысты. «Мен кіммін? Өмірімнің мәні неде?» деп адам баласы болашақты білгісі келеді, осылайша өмірін бақылауда ұстап тұрғандай сезінеді. Екіншіден, адамдар өмір кризистеріне ұшырағанда әлдебіреуден қолдау қалайды. Балгердің сені жақсылық күтіп тұр дегені адамға үміт беріп, тез тынышталады. Үшіншіден, кей адам ісіне жауап бермей, жауапкершілікті тағдырға, не басқа күшке ысыра салады. Тағдырың солай деп балгер айтты десіп, біреудің сөзіне құлақ асып, өз жүрегің тындай алмайды. Ондай адам сандар солай көрсетті деп сын естігісі келмейді. Қыздар ішкі сенімсіздік, шешімді өзі қабылдай алмау себебінен де түрлі маманға жүгінеді дейді психолог.

Алматы орталық мешітінің наиб имамы, пәтуа бөліміне жауапты маман Тимур Алиев те нумерологияның ғылым емес, ақша табудың тәсілі деп біледі. Қазір нумерология Қытай, Батыс, Шығыс, ежелгі үнді нумерологиясы сынды түрлі бағытқа бөлініп кеткен. Біреуінде бір сан жақсылықтың белгісі болса, басқа араб, не ежелгі үнді нумерологиясында бақытсыздыққа әкеледі деген карама-қайшылық өте көп.

— Құранда ғайыптың кілттері Алланың өзінде ғана. Оларды одан басқа ешкім білмейді (Әнғам сүресі, 59-аят) деп айтылған. Болашақты Алла ғана біледі. Адам қандай санмен туғаны, аты қандай әріптен басталатыны оның тағдырын өзгертпейді. Мұсылман адам болашағын Аллаға тапсырады. Себеп амалға негізделіп жоспар жасайды, еңбек етеді, дұға қылады, тәуекел етеді. Тағдырды сан емес, иман мен еңбек анықтайды, — дейді Т.Алиев.

Наиб имамның сөзінше, көңілі бос, сенімі әлсіз кезде кез келген жол көрсетушіге сеніп қалу онай. TikTok, Instagram желілерінде нумерологтар өзін ақылды, рухани адам етіп көрсетеді. Шын мәнінде, бұл — рухани әлсіздіктің белгісі. Қысқасы, кез келген ақпарға имандай сеніп қалмай, шындық пен жалғанның аражігін ажырату керегін естен шығармайық...

STEPPE GAMES – ОЙ МЕН ОЙЫН АЛАҢЫ

Астана қаласында балаларға арналған алғашқы қазақтілді Steppe Games мобильді ойынының тұсауы кесілді.



Балалар мен жасөспірімдерге қазақ тілі мен ұлттық құндылықтарды заманауи әрі қызықты форматта үйретуді мақсат ететін мобильді ойын Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша әзірленген.

Жоба авторларының айтуынша, Steppe Games мобильді ойыны қазақ тілін оқытудың интерактивті әдістемесіне негізделіп, ойын арқылы тіл үйренудің тиімділігін арттыруға және қазақ тіліндегі сапалы цифрлық контентті дамытуға, ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптеуге және мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі әлеуетін арттыруды көздейді.

Ресми таныстырылым барысында Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Макпал Жұмабай ойынның негізгі идеясын таныстырып, оның мазмұндық және әдістемелік ерекшеліктеріне тоқталды. Ол ойынның тілдік дағдыларды механикалық жаттатудан гөрі тәжірибелік қолданысқа бағыттап, балалардың қазақ тілінде еркін сөйлеу қабілетін дамытуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

— Steppe Games — тіл үйрету мен ұлттық құндылықтарды біріктірген edutainment (education + entertainment) форматындағы алғашқы қазақша мобильді ойын. Оқиға желісіне құрылған интерактивті ойынның басты кейіпкерлері — білімге құштар Айша мен Арман және олардың серігі Тазы. Тазы адалдық пен тұрақтылықтың символы есебінде арнайы таңдап алынды. Олар Қазақстанның түрлі аймағын аралап, тілдік тапсырмаларды орындап, жана өз дүниетанымын кеңейтеді. Ал мұндағы ойын картасы еліміздің нақты географиялық аймақтарына негізделген: алғашқы нұсқада Астана мен Алматы қамтылды, ал болашақта барлық өңір енгізіледі, — делі ол.

Шара аясында ойынның құрылымы мен функциялары таныстырылып, қатысушылар қосымшаны тәжірибе жүзінде сынап көрді. Балаларға арналған арнайы ойын аймағы ұйымдастырылып, әрбір кішкентай қонаққа естелік сыйлықтар табысталды.

Сондай-ақ таныстырылымын рәсіміне қатысушылар жоба авторларын құттықтап, интерактивті ойынның мемлекеттік тіл саясатын ілгерілетудегі және білім беру саласын цифрландырудағы маңызды рөлін талқылады. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бұл бастаманың қазақ тілін үйретудің жана, креативті және қолжетімді форматын қалыптастыратынын айтты.

Steppe Games мобильді қосымшасы App Store және Play Market платформаларында қолжетімді.

Тілек ҚАБЫЛ



Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4655

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,



құлқын талдау, мамандық таңдауы мен сүйікті ісін табуға бағыт кіреді. Жұбыңызбен қарым-қатынас жөнінде білгіңіз келсе, қызмет құны 30 мыңға дейін барады. Нумеролог Эльмира Бимұратқызының 1 сеансы шамамен 20 мыңнан басталады. Радмила Искандердің экссесс-консультациясы 20 мың болса, люкс-консультациясы 50 мың теңге екен. Кенес құнына қарай болашағыңыздың әр жылына жеке талдау жасайды-мыс. Нумерологтың табысына қарап, құштарлығың оянғанын сонша, жана кәсіп бастағың келеді. Саланы кәсіпке айналдырғандар қатары күн санап артып келеді, дегенмен әр маманның тәжірибесі мен еңбегі, әдіс-тәсілі де түрлі.

Кез келген ілімнің ғылыми дұрыстығын анықтау үшін зерттеулер мен эксперимент керек. Бүгінге дейін ешбір зерттеу нумерологияның ғылым ретінде дәлелдей алмады. 2017 жылы Кливленд университетінде ауқымды эсперимент өткен. Мамандар 800-ден аса Нобель сыйлығының лауреатына талдау жасап, олардың туған күнін есептеп, бір заңдылық шығармақ болады. Сөйтсе, көрнекті ғалымдардың қарапайым адамдардан ешбір ерекшелігі болмаған. Иә, кейде нумерология болжамы дәл келіп, өміріне қатысты ұқсастық барын байқайсың, бірақ бұл болжам жалпы мәлімет қана береді. Психологиялық тесттер мен жұлдыз жорамалдың да есебі сондай.

Біз нумерологқа қарапайым адам ретінде хабарласып, сынап көргіміз келді. Нумеролог Назерке Сұлтанбекқызы «балгер емеспін, сандарыңызға қарай мінездеме ретінде ақпаратты ашып беремін» деп айтқаны көңілге бір ой салды. Сонымен, маманның

Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы «қоғамдық көңіл күй» сауалнамасында респонденттердің 18%-ы болашағына қатысты шешім қабылдарда балгерге немесе нумерологқа жүгінетінін көрсеткен.

болуы мүмкін» деп қана бағыт-бағдар береді. Кез келген кеңесті аксиома ретінде емес, көмекші құрал ретінде қабылданыздар, — дейді Н.Сұлтанбекқызы.

Психолог Лаура Нариманның да бұл салаға қатысты пікірін сұрауды жөн көрдік.

— Астролог, нумеролог, таролог, родолог, энергет, психолог, коучтар көбейді. Мұның пайдасы да бар, адамның ішкі әлемін тануға көп көмек береді, алайда кей мамандар бұрыс бағыт беріп, адасып жүрген талай адам бар. Мысалы, нумеролог бір жігітке «ақшанды

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербасқат ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАСА –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Айқын есебіне қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

Кезекші редактор –
Айхан ШӨРІП